

#ЖаңаҚазақстан

«Саяси жаңғырудың басты мақсаты – азаматтардың мемлекетті басқару ісіндегі ролін арттыру».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ТАҒЫЛЫМ



ҚАҺАРМАНДАРҒА ҚҰРМЕТ

Бүгінгі күннің батырлары марапатталды

3

ТҰЛҒАТАНУ



ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫ

Әлемнің екінші ұстазының жәдігерлері қазақшаға тәржімаланды

6

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 1 сәуірдегі мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен
1 096 615

II компонентпен
1 074 455

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 1 сәуірдегі мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА
I компонентпен – **9 457 806** адам,
II компонентпен **9 168 000** адам
вакцина салдырды.
Ревакциналандығандар саны –
3 280 824

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

2.04.2022

Түнде:

+6+8 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+20+22 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

3.04.2022

Түнде:

+6+8 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+18+20 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №34 (6169) 2 сәуір, сенбі, 2022 жыл.

ОРАЗА-2022

РАМАЗАН АЙЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Мемлекет басшысы Қазақстан мұсылмандарын қасиетті
Рамазан айының басталуымен құттықтады



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлын қабылдады. Президент Қазақстан мұсылмандарын қасиетті Рамазан айының басталуымен құттықтады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының атқарып жатқан жұмыстары мен алдағы жоспары туралы баяндалды. Наурызбай қажы Тағанұлының айтуынша, мүфтият осы жылды «Ислам – ынтымақ пен бірлік діні» деп жариялаған. Осыған байланысты елімізде жыл бойына аталған тақырыпта форумдар өткізіледі. Сонымен қатар, дін мен дәстүрді сабақтастыра отырып, жас

қыз-келіншектерді имандылыққа баулитын «Әжелер мектебінің» ашылғаны жайлы айтылды.

Мемлекет басшысына Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының Ораза айында ұйымдастыратын шаралары туралы мәлімет берілді. Наурызбай қажы алдағы уақытта Түркітілдес елдердің Бас мүфтилерінің Алқасы құрылатынын жеткізді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ОРАЗА-2022

«БЕРЕКЕЛІ АЙДЫҢ БЕРЕКЕТІНЕН ҚҰР ҚАЛМАЙЫҚ»

Әрбір ізгі амалымыз қабыл болғай!



Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы қазақстандықтарды Рамазан айының басталуымен құттықтады.

3

ҚЫСҚА...

- ҚБТУ базасында «ақылды» қаланың зертханасы ашылды.
- Биыл түлектерге ҰБТ-ны екі рет тапсыруға рұқсат беріледі.
- Алматыдан 253 шақырым жерде жер сілкінді.
- Президент «Отырар сазы» оркестрінің жетекшісі Динара Тілендиеваны қабылдады. 2025 жылы аса көрнекті композитор Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 100 жыл толады.
- Қазақстанда зейнетақы жинағының бір бөлігін тұрғын үйге немесе емделуге мерзімінен бұрын алу үшін жеткілікті шек өсті.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





● ПРЕЗИДЕНТТИҢ САЯСИ РЕФОРМАЛАР ЖӨНІНДЕГІ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

ПРЕЗИДЕНТТІК ӨКІЛЕТТІЛІККЕ ШАМАДАН
ТЫС ҮСТЕМДІК БЕРУДЕН БАС ТARTУ

1. Президенттің жақын туыстарының саяси мемлекеттік қызмет және квазимемлекеттік сектор басшысы болуына тыйым салу
2. Президент өзінің президенттік өкілеттілігін атқару кезінде саяси партияға мүшелігін тоқтатуы қажет
3. Мемлекет басшысының облыс, республикалық маңызы бар қала және астана әкімдері актілерінің күшін жою немесе тоқтата тұру жөніндегі құзыретін алып тастау
4. Президенттің аудан, қала, ауылдық округ әкімдерін қызметінен алу құқын жою
5. Президенттің Сенаттағы квотасын 15-тен 10-ға қысқарту
6. Президенттің Конституциялық сот төрағасын және Жоғарғы сот кеңесі төрағасын тағайындауы үшін Сенаттың келісімі міндетті
7. Президент облыс және республикалық маңызы бар қала әкімдерін тағайындауға мәслихаттардың келісімін алуы үшін баламалы негізде кемінде екі үміткер ұсынады

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:



«Саяси трансформация бүкіл салада тамыр-таныстық пен монополияны түбірімен жойып, адал әрі әділ «ойын ережесін» қалыптастыруды көздейді».

(Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауынан, 16.03.2022).

#ЖаңаҚазақстан
#Жолдау2022



● YKIMET

227 ЕЛДІМЕКЕН ҚАУІПТІ АЙМАҚТА ТҰР



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Көктем маусымының басталуына орай ел өңірлеріндегі бүгінгі күннің басты өзекті мәселесі – су тасқыны жағдайы болып отыр. Осыған орай, Премьер-Министр Ә.Смайылов әкімдіктерге қарды, әсіресе, ауылдық елдімекендерден шығару, арықтарды, нөсер кәріздерін тазарту, уақытша бөгеттер салу жұмыстарын уақытылы жүргізу туралы тапсырма берді. Бұл туралы Үкіметтің ресми сайты мәлім етті.

ТЖМ басшысы Юрий Ильин мәлімдегендей, бүгінде Қазақстанда 227 елдімекен қауіпті аймақта тұр. Су басуға үш нәрсе себеп. Олар – қарды уақытылы

шығармау, тазартылмаған арықтар мен еріген сулар.

Еліміздің солтүстік және батыс өңірлерінде елдімекендерді су басу қаупі бар.

Табиғаттың бұл апатынан қорғану мақсатында 2021–2023 жылдарға арналған су тасқынына қарсы іс-шаралардың жол картасы әзірленіп, бекітілгені белгілі. Жол картасы аясында 2021 жылы жүзеге асыру жоспарланған 68 іс-шараның 33-і орындалды және 4-еуі мерзімінен бұрын тапсырылды. Жалпы, еліміз бойынша су тасқыны қаупі бар 1010 елдімекеннің 285-інде су басу қаупі сақталып отыр. Бұл орайда 340 елдімекенді су басу қаупі жойылып, 385 елдімекенде сейілді. Биылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша қар жамылғысының ауданы 47%-ды құрайды.

Өңірлер әкімдері су басқан аумақтарды қалпына келтіру бойынша қабылда-нып жатқан шаралар туралы баяндады. Үкімет басшысы Жол картасын іске асыруды жеделдетуді, келіп түскен шағымдарға жедел әрекет етуді, су басу қаупін жоюды тапсырды.

Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық шараларды жүзеге асыруға ерекше назар аудару қажеттігі айтылды. Өңір басшылары бұл мәселені ерекше бақылауға алуға тиіс.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ҚАУІП ҚАЙДАН?

ЖАҒДАЙ ЖІТІ БАҚЫЛАУДА

Алматыда көктемгі су басу қаупінің алдын алуға бағытталған жұмыс қызу жүріп жатыр.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бүгінге дейін Алматының барлық аудан әкімдіктерінің мердігерлік кәсіпорындары жалпы ұзындығы 1145,7 шақырым арық желілері мен өткелдерін тазартты. Күнделікті тазалық жұмыста-

рына 60-тан аса арнайы техника мен 300-ден астам жол жұмысшылары жұмылдырылған. Қала билігінің айтуынша, қазіргі уақытта көктемгі қар еру мен су жиналудың алдын алу жұмыстары мердігер ұйымдардың жіті бақылауында.

Төтенше жағдайлар департаменті қатты жауын-шашын, қар жамылғысының тұрақсыз болуына байланысты Кіші және Үлкен Алматы су алаптарында 31 наурыз – 1 сәуір күндерінде таулы аймақтарда қатты қар көшкіні болу қаупі барын хабарлайды. Осыған орай, төтеншеліктер алматылықтардан тауға саяхат жасауды қазірше қоя тұруды сұрайды.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

● ТҰРҒЫН ҮЙ

ТҰРҒЫНДАР СҰРАНЫСЫ

Алматының жоғары аумағында енді көпқабатты үйлер салынбайды

Бұдан былай қаламыздың Абай даңғылы мен әл-Фараби даңғылдары аралығында көппәтерлі тұрғын үй кешендерінің қабаттылығына шектеу қойылады. Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы әзірлеген жобаға сәйкес алдағы уақытта салынатын үйлер 9 қабаттан аспауы тиіс.



Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасының басшысы Алмасхан Ахмеджановтың айтуынша, бұл шешім ең біріншіден, тұрғындардың сұранысына байланысты әзірленген. Нормативтік құқықтық акт күшіне енуі үшін ол Алматы қаласы мәслихатында қабылданып, Қазақстан Республикасының әділет органдарының тіркеуінен өтуі қажет.

«Тұрғын үйлер саны тез өсіп жатыр. Ал әлеуметтік ғимараттар үлгере алмай жатыр. Сол себепті, оны дұрыстап реттеу үшін біз осындай архитектуралық саясатты шығардық», – дейді Жоспарлау және урбанистика басқарма өкілі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



«Нұрлы жер» бағдарламасының «Шаңырақ» бағыты бойынша тұрғын үй алуды
33 059
азамат жоспарлап отыр.



Алматыдағы Ұлттық кітапханада
7 000 000-НАН АСТАМ
кітап қоры бар.



Биыл «Қарғалы» су стансасы іске қосылып,
50 000-НАН АСТАМ
алматылық үздіксіз ауызсуға қол жеткізеді.



Мегаполисте
162
тарихи және мәдени ескерткіш бар.



«Жас қанат», «Алатау», «Айнабұлақ-2» ықшамаудандарындағы шынықтыру-сауықтыру кешендерінің құрылысын аяқтауға
1,2 млрд теңге
қаражат бөлінеді.



ТАҒЫЛЫМ

ҚАҺАРМАНДАРҒА ҚҰРМЕТ

Бүгінгі күннің батырлары марапатталды



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБAY.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев Мемлекет басшысының Жарлығымен марапатталған танымал журналист, еңбек ардагері Ұлбосын Айтөленге «Құрмет» орденін, қалалық «Ауған ардагерлері одағы» ҚБ төрағасы Мұрат Әбдішүкіровке I дәрежелі «Айбын» орденін табыс етті.

Рая
ЕСКЕНДІР

Бүгінгі күннің батырлары ретінде құрметтелген бұл тұлғалар елімізде орын алған биылғы қаңтар қасіретінің салдарына бейжай қарамай, ешкімнен тайсалмай, батыл түрде өзінің азаматтық үнін, ұстанымын ашық білдірді. Елдік мүддеге қаламымен, ар-ожданымен адал қызмет етті. Қоғамдық сананы ұлттық мемлекеттілігіміздің негізі – Тәуелсіздігімізге төнген қауіпке қарсы жұмылдырып, азаматтық жауапкершілікке шақырды. Қаңтар оқиғасы кезінде Алматы қаласында қоғамдық тәртіп жөніндегі азаматтық штаб ұйымдастырды.

Қала әкімінің орынбасары бейбіт күн қаһармандарының құрметке әбден лайық екенін айта келе, Тәуелсіздіктің тұғырлы болуына қосып отырған зор үлесі екенін атап өтті.

Қазақ журналистикасының дамуына ерекше үлес қосқан қаламы жүйрік, ойы ұшқыр Ұлбосын Тұрсынқызы 1981–2002 жылдар аралығында Қазақ телевизиясында қызмет атқарды.

Қарымды қаламгердің көптеген хабарлары Қазақ телевизиясының алтын қорында сақтаулы. Атап өтер болсақ, «Желтоқсан және Тәуелсіздік» циклды хабарлары, «Дүние жүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы», «Жылдар, ойлар», «Кезең» айдары бойынша әзірленген «Зейнолла Қабдолов», «Дінмұхамед Қонаев», «Абай тойы – адамзат тойы», «Наурыз думан», «Асанбай Асқаров», «Сәбит Оразбаев», «Қуандық Шаңғытбаев»,

«Әбу Сәрсенбаев», «Күләш Ахметова», «Совет Масғұтов», қажылық сапарынан «Жүректер нұрға толғанда» атты хабарлары және т.б. 2004–2018 жылдар аралығында «Айқын» республикалық қоғамдық саяси газетінде тілшілер бөлімінің редакторы болды. «Әріп-тестерім менің», «Біздің Майтөбе» атты кітаптары жарық көрді.

Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты. «Алтын жұлдыз» телерадио хабарлары республикалық байқауының арнайы жүлдесінің иегері. Алматы қалалық әкімшілігінің, «Қазақфильм» киностудиясының үздік мақалаларға жариялаған байқауларының лауреаты. Президенттің Алғыс хатымен марапатталған.

Ал Мұрат Мұхтарұлы 1999 жылдан бастап Алматы қаласының «Ауғанстан ардагерлері одағы» ҚБ басқарады. 2004 жылы Ауғанстандағы соғыс және басқа да жергілікті әскери қақтығыстар ардагерлері мен мүгедектері қоғамдық бірлестіктерінің үйлестіру кеңесінің төрағасы болып сайланды. ҚР, бұрынғы КСРО және басқа елдердің ордендері мен медальдарымен марапатталған. III дәрежелі «Айбын», «Құрмет» ордендерімен марапатталған.

Ауғандықтар қатарындағы халық жасағының еріктілері Алматы қаласының жеті Денсаулық сақтау нысандарында (№4 ҚКА, №12 ОҚКА, БСМК, облыстық және екі балалар ауруханаларында, жедел медициналық жәрдем қосалқы станцияларында) кезекшілік етті. Полициямен бірге көшелердегі тәртіпті бақылап, құқық қорғау органдарына көмек көрсетті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Ұлбосын АЙТӨЛЕН,
«Құрмет» орденінің иегері:**

– Қасіретті қаңтар оқиғасы туралы деректі фильмдерді көгілдір экраннан көрген сайын сансыз сауалды бүккен ішкі әлемім сол құрсаудан шығуға жанталасады. Жанарыма жас ұялайды, жүрегім егіледі. Ғұмырымның ең керемет кездері, жастық шағым өткен Қазақ телевизиясында қызмет еткен 31 жыл да отқа оранғандай күй кеіттім.

Сол күндері теледидардан 60 жылдан астам тарихы бар Қазақстандағы барлық телеарналардың қарашаңырағы «Қазақстан» ұлттық арнасының отқа оранып, күл болған кейіпін көргенде, даусым қалай шығып кеткенін білмеймін. «О! Мынау сұмдық қой, сұмдық» деп көз жасыма ерік бердім. Осы қаралы оқиғадан үш-төрт апта бұрын, Ұлттық арна тек қана телевизия саласына емес, бүкіл қазақ рухани әлемінде айшықты орны бар дара тұлғалар Кенжеболат Шалабаев, Камал Смайылов, Шерхан Мұртаза, Сағат Әшімбаевтардың телесалаға сіңірген өлішеусіз еңбектері, келер ұрпақ тәлім алар ұмытылмас мектепке айналып, жадыларында жаңғырсын деген мақсатта биостілерін орнатқан болатын.

Қазақ телевизиясы 60 жылдан астам уақыт ішінде, ел өміріндегі ең айтулы қаншама тарихи оқиғалардың куәсі болды десеңізші! Осынау қарашаңыраққа бас сұқпаған қазақ зиялысы кемде-кем болар. Бұл – талай дара тұлғалардың табанының ізі қалған қарашаңырақ қой. Біздің толқынның кез келген хабарының негізгі өзегі – Тәуелсіздіктен тікелей сабақтастықта өрбітіліп отырды. Егемен елдің жеңістері мен жемістеріне арналды. Тәуелсіздігімізге қауіп төнгенін сезінгеннен артық қасірет жоқ. Бір мен ғана емес қиналған. Өзін телесаланың ардагерлеріміз деп есептейтіндердің бәрінің жүрегі ауырды. Сексеннің сеңгірін бағындырған Төлеубай Қаймолдинов бастап, Ажар Файзола, Клара Қорғанова, Қарлығаш Мұртазина, Гүлмәрия Барманбекова, Ғалым Есенсариев, Дүрия Даниярова, Иманбай Жұбай, Молдабек Сағымбек сынды және тағы да басқа көптеген ардагерлер қосап, әркім шамалары жеткенше қаражат қосып, оны тапсыруға қарашаңыраққа Бота Исмайыл екеуіміз бардық. Есіктен енгеннен есегіріп қалдық. Экраннан көрген бір басқа да, көзбен көру тіпті бөлек екен. Ғимараттың іші-сыртынан сау тамтық жоқ. Өртеген. Өртенген. Материалдық шығын шап-етектен.

Түптің түбінде, оны бүлдірмек болған бүлікшілердің арам пиғылы іске аспады. Ғимарат отқа оранғанмен, ел тарихы таспаларда сақталып қалды. Бүлінбеді. Өрттен келген шығын өтелері сөзсіз. Қазірдің өзінде қарашаңырақты қайта қалпына келтіруге қатысты шараларға қалалық әкімшіліктен бастап, белгілі меценаттар да атсалысуда.

**Мұрат ӘБДІШҮКІРОВ,
I дәрежелі «Айбын» орденінің иегері:**

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа біздің еңбегімізді жоғары бағалағаны үшін алғыс айтқым келеді.

Бұл марапат қаңтардың қайғылы күндерінде қауіп-қатерге қарамастан, біздің сүйікті елімізді, сүйікті қаламызды, қарапайым азаматтарды қорғап, өз өмірлерін қатерге тігіп, қалалық ауруханаларды күзетіп, мұқтаж адамдарға көмек көрсеткен, конституциялық құрылысты қорғауға белсенді қатысқан адамдардың еңбегіне берілген баға дер едім. Қазір белсенді өмірлік ұстанымы бар бұл адамдар «Қазақстан – біздің ортақ шаңырақ» азаматтық қоғамдық патриоттық қозғалысын құрды. Олар бейбітшілік, достық, өзара көмек идеяларын ілгерілету бойынша үлкен жұмыс жүргізуде. Біздің күшіміз бірлікте екенін түсінеміз.

Жаңа Қазақстанды біздің балаларымыз өмір сүретін қуатты, гүлденген, демократиялық, жайлы Мемлекет ету үшін барлық күш-жігерімізді, білімімізді, тәжірибемізді жұмылдыруымыз қажет.

Барлық қазақстандықтарға денсаулық, отбасылық амандық, ашық аспан тілеймін!

ТҮЙІН:

Жалпы, қасіретті қаңтар – арайлап атқан әр таңды бейбіт аспан астында қарсы алғаннан, батыр күнді тыныш, еш алансыз шығарып салғаннан артық бақыт жоқ екенін ұқтырды. Қаңтар дүрбелені – әр азаматқа тәуелсіз Қазақстанның түтіні түзу шығуы үшін өз үлесін қосу абзал іс екенін сезіндірді. Қаралы қаңтар – бірлесіп, бірге түсіністікпен іс әрекет еткенде, сырттан бізді ешқандай жау ала алмасын көкейге құйды. Жүректерге баға жетпес байлық – тыныштық екенін ұялатты. Бүгінгі күннің батырларының бірі – кейіпкеріміз әрі әріптесіміз Ұлбосын Тұрсынқызының немересі Нұршуақ айтпақшы, тек тыныштық бар жерде ғана «бәрі жақсы болатынын» ұқтырды.

ОРАЗА–2022

«БЕРЕКЕЛІ АЙДЫҢ БЕРЕКЕТІНЕН
ҚҰР ҚАЛМАЙЫҚ»

Әрбір ізгі амалымыз қабыл болғай!

(Басы I-бетте)

«Қадірлі отандастар! Баршаңызды күллі мұсылман баласы асыға күтетін қасиетті Рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын! Әр шаңыраққа бақыт пен береке, мықты денсаулық тілеймін!

Біз талай сындарлы сәттерді бастан кешіп келе жатқан халықпыз. Иманымыз бен бірлігіміздің арқасында қиындықты еңсеріп, өсіп-өнген елміз. Аллаға

шүкір, елдігімізді көрсетіп, кешегі «Қасіретті қаңтар» оқиғасын еңсердік. Екі жылға созылған пандемиялық жағдай кезінде де бірлігімізді көрсеттік.

Алла Тағала қасиетті Құранда: «Шын мәнінде, қиындықпен бірге жеңілдік бар» («Шарх» сүресі, 6-аят) дейді. Міне, бүгінде қасиетті Рамазан айында жамағатпен ауыз ашып, көпшілікпен бірге құлшылық жасауға мүмкіндік алдық. Осы күнге жеткізген және осындай ұлы мүмкіндікті нәсіп еткен Жаратушы Жаббар Иемізге сансыз шүкірлер айтамыз.

Рамазан – тәрбие мен тағылым айы. Ендеше, берекелі айда көбірек сауапты амал жасауға асығайық, ағайын. Ата-анамыздың, қазыналы қарттарымыздың дұғасы мен алғысын алуға тырысайық. Мүмкіндікке қарай мұқтаж жандарға қолұшын беріп, науқастың көңілін сұрап, сауап алайық.

«Сауабы еселеніп жазылатын айда әрбір ізгі амалымыз қабыл болғай. Алла Тағала ұстаған орамамызды, қоғам үшін жасалған қайырлы істерімізді мол сауаптан жазғай!».

Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кімде-кім бауырының қажетін өтесе, Алла оның қажетінде болады. Кімде-кім мұсылманның бір қайғысын сейілтсе, Алла оның қайғы-қасіреттерінің бірін сейілтеді», – деген.

Рамазан – Раббымыздың мейірім-махаббатына бөленетін ай. Берекелі айдың берекетінен құр қалмайық, халайық. Сауабы еселеніп жазылатын айда әрбір ізгі амалымыз қабыл болғай. Алла Тағала ұстаған орамамызды, қоғам үшін жасалған қайырлы істерімізді мол сауаптан жазғай. Еліміз аман, жеріміз тыныш, тәуелсіздігіміз баянды болғай. Әмин!», – делінген құттықтауда.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Биыл Рамазан айы 2 сәуірде басталып, 1 мамырда аяқталады. 2 мамыр – Ораза айт күні. Биыл ораза 30 күнге созылады. 27 сәуірден 28 сәуірге қараған түн – қасиетті Қадір түні.



«Рамазан – тәрбие мен тағылым айы. Қасиетті айда мұсылман баласы қанағат, шүкір, мейірім, бауырмалдық, кешірім сынды көркем мінезді қалыптастыруға тырысады».



БІЛІМ

Қазақстандық арнаулы орта және жоғары білім беру саласы алдағы уақытта қайта жасақталады.

Әлихан Смайылов оқу бағдарламаларына «Кәсіптер атласын» енгізуді тапсырды.

Досбол
АТАЖАН

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен білім беру жүйесін қайта форматтау және экономиканың қажеттіліктеріне сай кадрлар даярлауды қамтамасыз ету мәселелері жөнінде кеңес өтті. Отырыс барысында шынайы экономикалық қажеттілік бойынша мамандар дайындау мәселесі талқыланды. Осы мақсатта Премьер-Министр 2020 жылы әзірленген «Қазақстан Республикасындағы жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласы» бағдарламасының кемшіліктерін көрсетіп, оқу бағдарламаларына «Кәсіптер атласын» енгізуді ұсынды.

«Кәсіптер атласының» әзірленуіне және нарықтың техникалық мамандарға қажеттілікті арттыруына қарамастан, Қазақстанда кадрларға қажеттілікті болжау әлі де жеткілікті дамымағаны, қазіргі білім беру бағдарламалары еңбек нарығы талаптарының өзгеруін және қажеттілік бойынша болжамдарды толық көлемде көрсете алмайтыны атап өтілді. «Кәсіптер атласын» ауқымды түрде енгізу үшін оқу орындарының білім беру бағдарламаларына түзету енгізіп, білім беру



мекемелерінде жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысын орналастыруды түзету ұсынылды», – деп хабарлады Премьер-Министрдің баспасөз қызметі.

Айта кеткен жөн, бұл құжат 2025 жылға дейінгі халықтың табысын арттыру бағдарламасына енгізілген және еңбек нарығы мен кәсіби стандарттарды болжауға негіз болып табылады. Атлас мұнай және газ, энергетика, ауыл шаруашылығы, ақпараттық технологиялар, туризм, көлік және логистика, машина жасау, тау-кен металлургиясы және құрылыс салаларынан тұратын 9 басым бағыт бойынша жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, жиын кезінде Қазақстанда жойылып бара жатқан 129 мамандық тіркеліп, 95 мамандық өзгеріс үстінде, 239 жаңа мамандық жаңадан пайда болғаны

айтылды (оның 37-сі мұнай және газ саласында, 32-сі энергетикада, 11-і машина жасауда, 40-ы АТ саласында және т.б.). ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов кадрларды даярлауды қамтамасыз ету жүйесіне мемлекеттік органдар мен жұмыс берушілер қауымдастықтарының өкілдері қатысып жатқанын атап өтті.

Тәлімгерлерді кәсіби өмірге бейімдеу мәселесі де назардан тыс қалған жоқ:

«2022 жылы ҚР жоғары оқу орындары 91 инновациялық бағдарлама әзірледі, 2025 жылға қарай оны 200-ге дейін жеткізу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, техникалық даярлау бағыттарына мемлекеттік тапсырыстың үлесі 60%-ға дейін ұлғайтылды. Қазақстанның 406 өнеркәсіптік кәсіпорны 406 ТКББ колледжін қамқорлыққа алған. 2021 жылы бар болғаны

51 оқу орны қамқорлыққа алынды. Биыл елімізде кәсіпорындардың өтінімдері бойынша 10 мың мақсатты мемлекеттік тапсырыс бөлінді. Колледждерде техникалық даярлау бағыттарына мемлекеттік тапсырыс үлесі 40%-дан 70%-ға дейін ұлғайтылды. Бұған қоса, колледждер жұмыс берушілермен және қамқорлыққа алушы кәсіпорындармен келісілген білім беру бағдарламаларын әзірлей бастады», – деп, жиында айтылған фактілерді Премьер-Министрдің баспасөз қызметі жеткізді.

Отырысқа қатысушылардың баяндамалары тыңдалғаннан кейін Әлихан Смайылов хаттамаға бірқатар нақты тапсырма енгізуді, сондай-ақ ҚР Үкіметі отырысында білім беру жүйесін қазіргі жағдайға бейімдеп қайта қалыптастыру мәселелерін қарауды тапсырды.

ТАҒАЙЫНДАУ

БАСҚАРМАҒА ЖАҢА БАСШЫ КЕЛДІ

Алматы қаласы Энерготиимділік және инфрақұрылымдық даму басқармасының жаңа басшысы тағайындалды.



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың өкімімен қаланың Энерготиимділік және инфрақұрылымдық даму басқармасының басшысы лауазымына Санжар Мендібайұлы Алин тағайындалды.

Санжар Алин 1984 жылы 30 тамызда Алматы қаласында туған. 2007 жылы халықаралық маркетинг мамандығы бойынша «Regents Business College» бітіріп, 2009 жылы «The University of Winchester» іскерлік әкімшілік магистрі дәрежесін алған, 2015 жылы Д.А.Қонаев атындағы көлік және құқық гуманитарлық университетін бітірген.

Түрлі жылдары жеке құрылымдарда басшылық қызметтер атқарған. Сату және маркетинг, қаржы құрылымдары, құрылыс, энергетика және квазимемлекеттік сектор салаларында, сондай-ақ мемлекеттік қызметте жұмыс тәжірибесі бар.

Еңбек жолын «Қазақстан телекоммуникациялары» ЖАҚ-да («Кателко

Плюс») клиенттермен жұмыс жөніндегі менеджер, техникалық кеңесші лауазымынан бастаған.

2006 жылы «Bang and Olufsen» компаниясының халықаралық өкілдігінде маркетинг бойынша менеджер лауазымын атқарды, кейіннен Өңірлік даму жөніндегі директор лауазымына ауыстырылды.

2010 жылы «Asia Capital» басқарушы компаниясы» АҚ-ның активтерді басқару бөлімінің басшысы болып тағайындалды.

2011 жылы электордаудитпен, энергия үнемдеу жүйелерін жобалаумен және енгізумен айналысатын «Friendly Energy» ЖШС-ның негізін қалады.

2014 жылдың желтоқсан айынан бері «Самұрық-Қазына» корпоративтік университетінде («Қазақстан Инжиниринг ұлттық Компаниясы» АҚ) кеңесші қызметін атқарған, қорғаныс-өнеркәсіп кешені жобаларының келешегіне баға жүргізді, сондай-ақ әскери және екі мақсаттағы өнімдерді өндіру бойынша бағыттарды дамытуды жүзеге асырды.

2016 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның мамандандырылған еншілес компаниясы «Теңіз Сервис» ЖШС-ның Атырау филиалының директоры болып тағайындалды. «Теңіз-шевройл» (ТШО) тапсырысы бойынша жүк тасымалдау маршрутын салудың МаТраГ жобасы жөнінде FGP (болашақ кеңейту) жобасы жұмыс тобына басшылық етті.

2017 жылы «GoodWill Partners» ЖШС Бас директорының міндетін атқарды және бизнесті басқару, энергия тиімділігін арттыру саласындағы консалтингке, ТКШ саласындағы жаңа технологиялық шешімдерді енгізуге маманданды.

2019-2020 жылдар аралығында Алматы қаласы Энерготиимділік және инфрақұрылымдық даму басқармасының энергия тиімділігі және энергия үнемдеуді арттыру бөлімінің басшысы қызметін атқарды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЖАҢА ЖОБА

SMART CITY LAB зертханасының ашылу рәсімі өтті

Қазақстан–Британ техникалық университетінде Алматының цифрландыру басқармасымен және iglus халықаралық швейцариялық ұйымымен бірлесіп ұйымдастырылған бұл зертхана практикалық шешімдердің қайнар көзі болмақ

Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Зертхана Алматы қаласын цифрландыру және процестерді автоматтандыру саласын жетілдіруге арналған.

«Қазіргі уақытта қалалардың дамуы қолданбалы тәжірибеге және жекелеген бағыттардың білім базасына байланысты. Ақылды қалаларды басқару әдіснамасына негізделген бұл жоба ақпарат пен құзыреттілікті бір жерде жинау мен талдауды орталықтандыруға мүмкіндік береді. Алматы әлемдік озық тәжірибеге тұрақты қол жеткізе алады және инфрақұрылымы дамыған заманауи қала ретінде дамитын болады», – деп мәлімдеді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров.

Мамандардың пікірінше, «ақылды» қала зертханасы практикалық шешімдердің қайнар көзі болады.

«Біз адамдарға жүйелі түсінік алуға көмектесеміз, өйткені қалалар күрделі жүйелер. Біз, сайып келгенде,

қала тұрғындарының осы тәсілдің салдарын сезінуін қалаймыз. Біз адамдар қолдана алатын жандандық желінің аспектілеріне назар аударамыз», – деді Лозанна федералды политехникалық мектебінің профессоры Маттиас Фингер.

Жоба қалалық жүйелердің тиімділігін бағалауға және талдауға, инфрақұрылымды дамытуға және Smart City және Smart Systems магистратурасының білім беру бағдарламалары бойынша кадрлардың біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

«Бұл Қазақстан мен Орталық Азия аумағындағы осындай алғашқы зертхана және біз оны Алматыдағы ҚБТУ-да ашуды мақтан тұтамыз. Біздің серіктестерімізбен бірге осы зертхананың міндеттері мен мақсаттарын іске асырып, жаңа мамандарды, магистранттар мен докторанттарды оқытып, қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етіп, сүйікті қаламыздың инфрақұрылымын жаңғырту үшін жаңа шешімдер енгізетін боламыз», – деп атап өтті ҚБТУ ректоры Маратбек Ғабдуллин.

Болашақта ҚБТУ базасында цифрландыру басқармасының бөлімшесін ашу жоспарлануда, бұл қызметкерлерге IT саласында магистранттар мен докторанттармен бірлесіп жобаларды әзірлеуге мүмкіндік береді.



ТАҒЫМ


ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ

Көрнекті гидрогеолог, гихрогеохимия ғылымының негізін қалаушы, Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген ғылым қайраткері, геология-минерология ғылымының докторы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, академик Жүрімбек Сыдықовтың құрметіне орнатылған мемориалдық тақтаның ашылу рәсімі өтті.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Ескерткіш-тақта У.М.Ахмедсафин атындағы гидрогеология және геоэкология институтының қабырғасына орнатылды. Салтанатты іс-шараға ҚР Ұлттық Ғылым академиясының Президенті Мұрат Жұрынов, Алматы қаласы Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Данияр Әлиев, гидрогеология және гихрогеохимия саласында қызмет етіп жүрген ғалымдар мен ғалымның туған-туыстары қатысты.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

«Тарихи сәттің куәсі болдық. Шаһарымызда бар өмірін ғылымға, өнерге, қоғамға арнаған азаматтар аз емес. Солардың бірі – Жүрімбек Сыдықов. Ол XX ғасырдың басындағы қиыншылықтарды көріп, ҰОС қатысқан, бүкіл ғұмырын ғылымға арнаған, барлау саясатында еңбек еткен, Қ.Сәтбаевтың шәкірті. Халқы үшін еңбектенген ағамыздың есімі мәңгіге ел есінде қалады», – деді Алматы қаласы Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Данияр Әлиев.

Жүрімбек Сыдықов 1922 жылы Алматы облысы, Ақсу ауылында дүниеге келген. 1940 жылы қазақ орта мектебін бітіріп, соғысқа аттанады. 1944 жылы ауыр жарақаттан кейін әскерден қайтып, Қазақ тау-кен металлургия институтының Геологиялық барлау факультетіне оқуға түседі. Оқу бітіргеннен кейін 1949 жылы Геология ғылымы институтының аспирантурасына түсіп, тәмамдайды.

1965 жылы ол докторлық диссертация ретінде сәтті қорғаған Орал-Мұғалжар таулары мен Мұғалжар жазығының жерасты суларын ұзақ жыл бойы зерттеу нәтижелері бойынша іргелі монография жазды. 35 монография, гидрогеологиялық ғылымның түрлі бағыттары бойынша 720 жұмысты жариялады. Гидрогеология және геоэкология институтында Жүрімбек Сыдықов жасаған 124 есеп пен карталар бар. Оның жетекшілігімен 11 докторлық пен 25 кандидаттық диссертация қорғалды. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әскери ерлігі үшін, сондай-ақ жемісті ғылыми қызметі мен ғылыми кадрларды даярлағаны үшін бірінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Халықтар Достығы» орденімен және Қазақстан Республикасының 20-дан астам медальдарымен және басқа да құрметті наградалармен марапатталған.

Ғылым мен техника саласы бойынша Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығына, «Қазақ КСР еңбек сіңірген ғылым қайраткері» құрметті атағына, академик Қ.Сәтбаев атындағы сыйлыққа, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының үлкен алтын медаліне ие болған.

Тағы бір ерекше атап өтетін жағдай, ғалымның құрметіне мемориалдық тақтаның ашылуы сәуір айының бірінші жексенбісінде тойланатын кәсіби мереке – Геологтар күніне сәйкес келіп отыр.

Мұрат ЖҰРЫНОВ,
ҚР ҰҒА президенті:

– Еліміздің маңдайалды ғалымдарының бірі Қ.Сәтбаев пен Уфа Ахмедсафинмен бірге қолтықтасып қызмет істеген, ұлы ғалым Жүрімбек ағамызға арналған ескерткіш-тақта ашып отырмыз. Жастайынан қиындық көріп өссе де, бойына біткен талантының арқасында үлкен жеңістерге жетті. Ол кісі отанышыл болатын. Жерасты суларын тауып, халықтың игілігіне жұмсау үшін барын салды. Ұлттық Ғылым академиясында бірнеше жыл қызмет етіп, монографиялары жарық көрді. 15-ке жуық ғылым докторын, 40–50 ғылым кандидаттарын дайындады. Ғылымда үлкен мектеп ашты. Ол мектебі әлі күнге дейін ізін жалғастыруда. Мен академияның басшылығына келгеннен кейін ол кісімен жекі кездесіп тұрдым, бірге біраз дәмдес болдық. Өмірі көпке үлгі азамат. Өзі соғысқа қатысып, ғылым мен отбасын бірдей алып жүру кез келгеннің қолынан келе бермейді. Жүрімбек ағамыздың жарқын бейнесі біздің жүрегімізде сақталады.

АГЛОМЕРАЦИЯ

ЖЕТІСУ МЕН АЛМАТЫ ОБЛЫСТАРЫ ҚАЛАЙ БӨЛІНЕДІ?

Алматы облыстық мәслихатының кезектен тыс XVI сессиясы өтіп, оның күн тәртібінде бірқатар маңызды мәселелер қаралды. Сессияда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жетісу облысын құру арқылы Алматы облысын бөлу туралы бастамасы депутаттар тарапынан қолдау тапты.

Естеріңізге сала кетейік, «АҚШАМ-АҚПАРАТ» бұған дейін хабарлағандай, биылғы 16 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы Алматы облысын екіге бөлуді ұсынған болатын.

«Алматы агломерациясына қатысты түйткілдер көп. Облыс тұрғындары негізінен қала төңірегіне шоғырланған. Ұзынағаштағы немесе Талғардағы мәселені сонау Талдықорғанда отырып шешу оңай емес. Облыс орталығына бару үшін халықтың алысқа сабылуына тура келеді. Осы және басқа да жайттарды ескере отырып, Алматы облысын екіге бөлуді ұсынамын. Бұл өңірде Жетісу және Алматы облыстары құрылады. Алматы облысының орталығы Қапшағайда болуы керек. Ал Жетісу облысының орталығы Талдықорғанда орналасады. Бұл қадамдар аймақтарды дамыту ісіне тың серпін береді деп санаймын», – деді Президент.

Өңір басшысы Қанат Бозымбаев Жетісу және Алматы облыстарының қалай бөлінетіні

жайлы айта келе, облысты бөлу жөніндегі жұмыс комиссиясы құрылғанын, оған облыстық басқармалар мен аумақтық органдардың тиісті басшылары кіретінін мәлімдеді.

«Алматы облысының орталығы Талдықорған және Жетісу облысының орталығы Қонаев қаласы болып бөлінуі екі өңір дамуына серпін береді. Құрылайын деп жатқан Жетісу облысының аймағына 8 аудан, 2 қала мен 352 ауылдық округ болса, Алматы облысының құрамында 9 аудан, 1 қала мен 380 ауылдық округ болады. Біз Президенттің әкімшілік-аумақтық құрылым туралы Жарлығын қабылдау жөніндегі іс-қимыл алгоритмін дайындадық», – деді облыс әкімі.

«Қапшағай қаласының жаңа бас жоспары мен егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы әзірленуде. Жүргізіліп жатқан қайта құрулар мен қайта атаулар бойынша ғылыми сараптама жүргізілуде», – деді Қ.Бозымбаев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЦИФРЛАНДЫРУ

САПА ДА, СЕРВИС ТЕ ҚОЛЖЕТІМДІ

Тұлғаның жеке куәлігі, жүргізуші куәлігі, вакциналау паспорты және неке қию куәлігі сияқты құжаттар Kaspi.kz және Halyk Homebank қосымшаларына шығарылды.



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Бұл туралы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин өзінің Facebook-тегі парақшасында жазды.

«Быттырғы жылдың аяғынан бері «ҰАТ» АҚ, Kaspi және Halyk мамандарымен бірге Цифрлық құжаттарды мобильді қосымшаларға шығару бойынша жұмыс атқарып жатырмыз. Бүгін осы мүмкіндік ресми түрде іске қосылды», – делінген жазбада.

Қазіргі уақытта Цифрлық сервисті 10



миллион қазақстандық тұрақты түрде қолданады. Құжаттың түпнұсқасын өзіңмен бірге алып жүрудің қажеті жоқ, сонысымен ыңғайлы.

«Бүгіннен бастап сервис Kaspi.kz және Halyk Homebank қосымшаларында қолжетімді. Себебі, халық мемлекеттік қызметтерге біздің ғана емес, өздеріне ыңғайлы, күнделікті қолданатын арналары арқылы қол жеткізгенін қалаймыз», – дейді Бағдат Мусин.

Сондай-ақ, министр бұл функционал тек азаматтың өз келісімі болған жағдайда ғана жүзеге асатынын атап өтті.

ПОЛИЦИЯ

Жалған ақпарат үшін жаза бар

Қазақстанның бірқатар қаласында жарылғыш заттар қойылғаны туралы жалған хабарламалар келіп түсті.



Досбол
АТАЖАН

Алматы полиция департаментіне 31 наурыз күні 7 нысанда жарылғыш заттардың орнатылғаны туралы хабарлама келген. Осыған байланысты тәртіп сақшылар үш банктің, екі сауда орталығының, Алматы әуежайының және ҚБТУ университетінің аумағын қоршап, эвакуациялау, арнайы техника мен қызметтік-іздігіру иттерін қолдана отырып, тиісті қызметтер мен мамандардың объектілерді тексеру жұмыстарын жүзеге асырды.

«Таңертең 7 нысанда жарылғыш құрылғылар орнатылған деген хабар келіп түсті, бұл ақпарат расталмады. Тексеру саперлер мен тиісті техниканы пайдалана отырып жүзеге асырылды. Азаматтардан қолданылатын қауіпсіздік шараларына түсіністікпен қарауларыңызды сұраймыз», – деп хабарлады Алматы полиция департаменті.



Ішкі істер министрлігі полиция жұмысына кедергі келтіретін жалған ақпаратты таратпауға ескерту жасады:

«Аталған фактілер бойынша ҚР Қылмыстық кодексінің 273-бабы бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды, оның санкциясында 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. Ішкі істер министрлігі салынған жарылғыш зат туралы жалған ақпарат тарату қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғатынын ескертеді. Тұрғындарды сабырлық сақтауға, өткізілетін іс-шараларға және қабылданатын қауіпсіздік шараларына түсіністікпен қарауға және тек ресми ақпаратқа сенуге шақырамыз».



ТҰЛҒАТАНУ

ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫ

Әлемнің екінші ұстазының жәдігерлері
қазақшаға тәржімаландыҰлттық Ғылым академиясында Ақжан
әл-Машанидің «Табиғат-матбуғат»
еңбегінің тұсаукесері өтті.

Аталған шараға философтар, тарихшылар және ортағасырлық білімдер Әл-Фарабидің кітаптарын зерттеушілер, т.б. қатысты.

Аударма академик Ғалымқайыр Мұтановтың редакциялық басқаруымен жарыққа шықты. Мұнда көрнекті ойшылдың ғаламдық-адамзаттық дәрежедегі ойлары, зерделеулері және нақты ғылымдардың маңыздылығы суреттелген.

– Сенімдімін, Ақжан әл-Машани зерттеулері студенттер, оқытушылар мен жас ғалымдарға серпін береді деген ойдамын. Сонымен бірге, үлкен өзгерістерге жол ашады. Дәлірек, тарих, мәдениет, философия, жазба өнері, дін мен ұлттық идеологияның қалыптасуына өз әсерін тигізбек, – деді Ғалымқайыр Мұтанов.

Ол «Ғылым ордасы» кітапханасында біршама құндылықтардың бар екендігіне тоқталды.

– 1984 жылы автор Ақжан әл-Машани туындының түпнұсқасын Ғылым академиясының кітапхана қорына өз қолымен өткізген, – деп нақтылады Ғалымқайыр Мұтанұлы.

Ақжан әл-Машани – ХХ ғасырдағы белгілі геология саласының майталманы. Өз кезегінде алғашқылардың бірі болып Әл-Фарабидің нақты ғылымдарға қатысты еңбектеріне назар аударды. Сонымен қоса, бабамыздың жауһарларын зерттеп қана қоймай, оның туған жері – қазақ даласы, Отырар шаһары екендігін ұлы ғұламаның дәлелдеумен шұғылданды. 100 жылдығы ЮНЕСКО-ның мерейтойлар тізіміне енген.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ЖАҢА КІТАП

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІНЕ АРНАЛДЫ

Сейітқали Меңдешевтің 140 жылдығына
орай жинақ шықтыАвтономиялы Қазақ
Республикасы
Орталық Атқару
Комитетінің тұңғыш
төрағасы Сейітқали
Меңдешевтің 140
жылдығына орай
Алматыда «Сейітқали
Меңдешев.
Құжаттары мен
материалдар жинағы»
атты кітаптың
тұсаукесері өтті.Досбол
АТАЖАН

Шараға отандық және шетелдік тарихшы ғалымдар, студенттер, магистранттар, докторанттар мен С.Меңдешевтің туыстары мен жерлестері, сондай-ақ, осы тақырыпқа қызығушылық танытқан азаматтар қатысты.

«Қазақ республикасының құрылуы мен қалыптасуына ерен еңбек сіңірген Сейітқали Меңдешевтің тұнық тұлғасы, оның қазақ халқына сіңірген қызметі арқылы ХХ ғасырдың 20–30-жылдарындағы тарихтың ақтандық беттерін ашу, отандық тарихи тұлғатану ғылымына үлес қосу, өскелең ұрпақты отансүйгіштік пен адамгершілікке тәрбиелеу, Алаш қайраткерлерін еске алып, олардың мұрасын жастарға және бүкіл әлемге паш ету – біздің кітапты шығарудағы мақсатымыз», – деді шара ұйымдастырушылары.

Тарихи тұлғаның 140 жылдық мерейтойына орай жасалған жинақ идея авторы,

ҚР Орталық мемлекеттік архивінің директоры, тарих ғылымының кандидаты Сәбит Шілдебайдың ғылыми жетекшілігімен құрастырылды.

Аталмыш кітап арқылы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының архивтерінен анықталған С.Меңдешевтің құжаттары мен сөйлеген сөздері, мерзімді басылым беттерінде жарық көрген мақалалары алғаш рет жиналып, ғылыми айналымға енгізілді. Жинаққа 93 тарихи құжат, С.Меңдешевтің 44 мақаласы мен 22 фотосы қосылып, фотодағы көптеген қайраткерлердің кім екендігі тұңғыш рет ғылыми тұрғыдан анықталды.

Сейітқали Меңдешев – Кеңес дәуіріндегі қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы мен дамуына үлкен үлес қосқан бірегей тұлға, қазақ жерінің тұтастығын қалпына келтіру, кеңестік билік органдарын жергіліктендіру жолында 1921–1922 жылдардағы аштыққа қарсы күресті ұйымдастыруға, қазақ ағарту және ғылым салаларының негізін қалауға ерен еңбек сіңірген қайраткер.

ИНТЕРНЕТ

ҒАЛАМ «ЖЫРЫ»



Қазір жас та, жасамыз та ғаламторды қолданады. Көшеге шыға қалсаңыз, телефонына телміргендерді аңғарасыз. Ойындағысын айтқысы, жеткізгісі келсе, виртуалды әлемге жүгінеді. Былай қарасаңыз, бірімен-бірі емен-жарқын араласу, тілдесу азайғандай. Кім білсін, бұл да жаһандану процесінің жеделдеуінің бір белгісі болар.

Жалпы, интернетке екі-жақты көзқараспен қарай аламыз. Кейбір азаматтар өз кәсібін желі арқылы жарнамалайды. Сол арқылы пайдаға кенеліп жатады. Келесі біреуге жәй уақыт өткізуге қажетті дүние. Ал

үшінші тарап, қажетті кезде пайдаланып, көңілін көтеріп, жұмысын да тиянақты тындырады. Біздер осындай маңызды дүниеге назар аударып, талдағанды жөн көрдік.



Пайдасы мен зияны

Көбіне ғаламтор қолданушылары туралы кереғар пікір қатар жүреді. Бәлкім, ол да дұрыс шығар. Бірақ тиімді пайдаланушылар қатары артып келе жатқанын ұмытпаған абзал.

Нарша Булбакбаев «Интернет пен әлеуметтік желіні қолдану кезінде сіздің назарыңызды аудару үшін олар сізге аудио-визуалды миға шабуыл жасайды» дейді. Бұған аса бас қатырудың қажеті жоқ. Негізі 2–3 сағат ғаламторды қолдансаңыз, біраз шаруаны тындырасыз. Одан артығы жүйкеге ауыр. Әбден шаршатады, қалжыратады. Ал біздер осы норманы ұстап жүрміз бе? Әрине, олай дей алмаймыз. Кеңселік қызметкерлер осының алдын алу үшін түрлі жаттығу жасайды. Сонымен қатар, кактус, т.б. бөлме гүлдерін өсіреді. Бұлар зиянды энергияны өзіне тартады екен.

Интернет беретін артықшылықтар:

- Жұмыс жылдамдайды;
 - Уақыт үнемделеді;
 - Ақпарат алмасу оңайлады.
- Сондай-ақ, жағымсыздықтар:
- Уақыт зая кетуі мүмкін;
 - Балалардың дұрыс жетілуіне зияны баршылық;
 - Ұзақ қолдану жүйкені шаршатады.
- Сол себепті де, қолдан келгенше аталған мәселелерге назар аударғанымыз жөн.

Тереңнен тартайық

Соңғы уақытта жұлынымыз ғаламторға байланып қалғандай көрінеді. Тіпті, бас алмайтын болдық. Барлығын осы арқылы шешеміз. Оңсыз хат-хабар, байланыс жоқ сияқты. Тіпті, бір үстелдің басында отырған жандар тілдесуден қалып барады. Кейде бір-біріне хабарлама жіберу нәтижесінде ишара білдіреді. Мұның соңы тілсіздікке алып келмей ме?! Виртуалды пікір алмасқан жөн-ақ. Дегенмен, қарым-қатынас жасап, сөйлесіп, адамның мимикасын аңғарғаннан артық ғанибет бар ма?!

Әсіресе, жас буын осыған әуес. Қаттырақ айтқанда, бас алмайды. Күндіз ұйықтап, түнде әлеуметтік желіде отырады. Ғаламторға байланған. Басқаға назар аудара қоймайды. Өсіп жетіліп, жас шыбықтай ширатылып келе жатқан сәтте қозғалыс аз болуда. Ойнау, секіру, жүгіру жағы кенде қалған. Бұл қала мен балада бірдей орын алып жатқан жағдай. Бұндай жағдаяттар ешкімге таңсық болмай тұр.

Ғаламды шырмаған ғаламтор

Дүние жүзінің жақындасуында ғаламтордың қуаты күшті. Әсіресе, әлемдегі аса ауқатты байлар Билл Гейтс, Джек Ма, Джефф Безосар интернет арқылы кәсібін сәтті домалатып келеді. Олар табыстың көзін тапқандар.



Журналистер арасында «Кім ақпаратты жетік игереді, сол ғаламды басқарады» деп жатады. Осы сөздің бүгінде ауқымы кеңейген. Бәлкім, заманның ығы да солай болып тұрған шығар. Дейтұрғанмен, қазіргі ақпараттың көптігі сондай, қорқытып үлгермейміз. Миды толтырып тастаған. Өйт-

кені, қажетсіз, керексіз дүниелер көп. Бастысы, миды жылдам шаршатады. Ақыр соңында агрессияға душар етеді. Оның соңы ойға келген қорытылып үлгермеген ойды жариялап жіберуге әкеп соғады. Оның артында қаншама адам тұр. Ол әркімге неше түрлі бағытта әсер етуі мүмкін.

P.S.

Данқты батыр Бауыржан Момышұлы атамыз «Көп тұрған су сасиды, ойламаған ми сасиды» деген ой қалдырыпты. Керемет нақыл. Бәрін пайымдап сараптағанда осыған саяды. Айтарымыз, әр нәрседе баланстың болғаны абзал демекпіз.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



НАУРЫЗ

«ҚҰЛАҚТАН КІРІП, БОЙДЫ АЛАР ӘСЕМ ӘН МЕН ТӘТТІ КҮЙ...»

Алматының түкпір-түкпірінде Наурыз мейрамы әлі де дүбірлетте тойлануда. «Алатау» дәстүрлі өнер театры сахнасында мерекеге арнайы ойластырылған «Әсем әуен мен көркем қимыл» атты сазды би кеші өтті.



Динара
МҰРАТ

Қазақ халқының би өнері халықтың поэтикалық, фольклорлық, музыкалық шығармашылығымен тығыз байланысты болғандықтан, мың бұралған бишілер мен түрлі аспаптың құлағында ойнаған өнерпаздарды біріктіру ойы өзінен-өзі келген екен. Нәтижесінде хореографиялық қимылдың элементтері ұлттық аспаптарымыздың сүйемелдеуімен ұштасып, заманауи жаңа формада көрерменге ұсынылды. Сазды би кешінде ишарамен, ыммен (мимика) айту әдісі де кеңінен қолданылады.

Әсем әуен мен көркем қимыл кеші – «Алатау» театрының хореографы Карина Ержанқызының режиссер ретіндегі алғашқы жұмысы. Ол бірнеше көріністерді халық аңыз-әңгімелерін, салт-дәстүр элементтерін, табиғат құбылыстарын, наным-сенімдерді би мен әуеннен құралған, театрландырылған қойылым ретінде беруге тырысқан.

«Мен негізі мамандығым бойынша хореографтың, бірақ бүгін алғаш рет қоюшы-режиссер ретінде шығып отырмын. Бұл концерт негізінен аспаптық ансамбль мен бишілер нөмірлерінің бір арнаға тоғысуынан тұындады. Біздің басты мақсатымыз – сазды әуен мен пластикуны ұтымды біріктіру», – деді Карина Ержанқызы.



Шымылдық ашылған сәтте – алғашқы көріністе халық аңызы «Қамыс» музыкалық сүйемелдеуден бөлек, оның желісі биімен сомдалып, мәнерлеп оқумен берілді. Кейіннен қойылым бағыты лирикаға ауысып, қыз ғұмырының дәстүрлері көрсетілді. Бишілер аппақ аққуға айналып, сахна көгіне ұшты. Театрдың тұрақты көрермені ретінде көріністер арасынан «Ән-Мұхит» қойылымынан алынған «Зәуреш» үзіндісін бірден байқадық. Ол да бір қазақтың ұлттық өнердің белгісі. Себебі, Мұхит – жәй ғана әнші емес, халық өнерінің белді өкілі.

Қойылым барысында ерекше көзге түскен көрініс – «Табиғат-Анань» ұйқыдан тұруы, оның төрт құбыласы – Аспан, Жер, От пен Судың жеке-жеке «Аужар», «Япыр-ай» сынды халық әндерінің әуезді әндеріне мың бұралып билеуі. Адам таңданатын әсерлі

көрініс. Тағы бір үзіндіні осыған дейін қойылған «Алтыбақан» қойылымындағы көрініске ұқсастық, алайда режиссер жастардың жиналып, би мен әнге толы көңіл көтерген тұсы жаңа толықтырулармен, өзгеше әуендермен берілгенін жеткізді. Кеш шымылдығы Батырхан Шүкеновтің «Гүл Алматым» әнімен жабылды. Бұл да бір алматылық көрерменге деген ілтипаттылықтың белгісі болар.

Жалпы кеш ансамбль мен бишілердің жеке концерті болды десек, қателеспейміз. Ансамблде 13 адам өнер көрсетсе, 8 биші жан-жақты әртиске айналып, басты рөлді сомдады десек те болады. Аспаптық өнерпаздардың арасында дәстүрлі әртістерден бөлек, классикалық аспаптардың құлағында ойнайтындар да бар. Халық әндерінің виолончель, флейта үндерімен керемет үйлесімін тыңдау-

ға болады. Өнерпаздар мұндай кеш бұрын-соңды болмағанын айтып, жеке-дара дүние болғандықтан жауапкершілік жүгі салмақты екенін ескере отырып, қойылымға бір айдай дайындалған екен. Виолончелист Бағжан Октябрь классикалық аспапта орындаушы болғанымен, дәстүрлі өнерге жүрегі жақын екенін жеткізіп, кеш алдында біраз уайымдағанын жасырмады.

«Бүгінгі қойылым біздің ансамбль үшін ерекше. Себебі, менің осы театрда екі жарым жыл бойы еңбек еткеніммен, аталмыш кеш – ансамбльдің бірінші жеке концерті. Сондықтан уайымға бой алдырғанымыз рас, оған қоса бұрын-соңды орындалмаған шығармалар көп болды. Бүгін ерекше кештің тұсаукесері болғандықтан, көрермендердің жылы қабылдауы бізге маңызды», – деді Б.Октябрь.

Кеш қазақ фольклорының үздік туындыларынан сыр шертіп, ұлттық биден шашу шашып, бір қойылыммен бар дәстүрлерді қамтуға тырысқанымен, бір жүйелілік пен логикалық байланысты, өкінішке қарай, көре алмадық. Концерт дейін десек, театрлық қойылым элементтері көп, сюжет бар, толыққанды қойылым дейін десек, рөлдерді актерлер емес, бишілер ым-ишарасыз сомдайды. Әрине, би мен әнді байланыстырған бұған дейін қойылым көргеніміз жоқ, дегенмен осы екеуінің арасын бір пайымды, түсінікті сюжеттік жүйемен біріктіруге керек еді деген ойдамыз. Әр көрініс жекелей әсерлі болғанымен, бір-біріне кедергі тудырмайды. Қайғылы сюжеттерден көңілді көріністерге бірден ауысу қиынға түседі екен. Негізгі дәстүрлі өнерімізді сахналауда әлі де бір бағыт, жүйелілік жоқ қой, бірақ аталмыш жалғыз дәстүрлі театр сол жолда алғашқы қадамдарын жасауда. Келе-келе Еуропаның операсы мен балеті сынды бізде де өнердің өзімізге тән түрі пайда болар. Оның да ережесі мен талаптары жазылып жатар. Әзірге ұлттық өнердің қолға алынуының өзі – жетістік жолындағы үлкен кадам.

ЭКСПО

ҚАЗАҚ КӨРМЕСІ ең үздік екінші павильон атанды



Дубайда ұйымдастырылған әлемдік шараға бас-аяғы 192 мемлекет қатысып, тарихы мен мәдениетін, үздік жобалары мен тың технологияларын таныстырды.



Ақтолық
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Ондағы кереметті тамашалауға дүние жүзінің бас-аяғы 23 миллиондай адамы барды. Солардың 2 миллионнан астамы Қазақстан павильонына бас сұғып, оң бағасын берген. Көрме қорытындысы бойынша біздің елдің көрмесі ең үздік екінші павильон атанды. Бірінші орынды Германия, ал үшінші Италия түйіндеді. EXPO Awards жүлдесін тапсыру сәтінде ұйымдастырушылар Қазақстан павильоны көрме тақырыбын аша түскені айтылды.

Ұлттық павильон «Мүмкіндіктер» деп аталатын қатарда орналасты. Қонақтарға дәстүрлі шығыс сәулеті мен заманауи цифрлық технологиялар таныстырылып, елдің адами және табиғи ресурстарын, туристік, технологиялық және инвестициялық мүмкіндіктері көрсетілді.

«ЭКСПО ашылған алғашқы күндері-ақ қазақстандық кәсіпкерлер жергілікті бизнесмендермен түрлі меморандумға қол қойды. Мәселен, Қазақстанның халал сертификаты Дубайға да жарамды болды. Яғни елдегі экспорттаушылар мұнда тауарын еркін кіргізе алады. Дубайдағы Қазақстан павильонына 8 млрд теңге жұмсалған. Алдағы уақытта бизнес пен туристердің арқасында жұмсалған қаржы өзін-өзі ақтайды деген сенімдеміз», – дейді «QAZEXPOCONGRESS ҰК» Басқарма төрағасының орынбасары Дәулет Еркінбаев.

Ерекше сәулет – мың түрлі бояу, көз жауын алатын жарық шамдар және әсем әуес. Алты айға созылған Дубайдағы айтулы көрме осылай қорытындылады. Көрме жабылған соң бұл аумақ Дубайдағы экологиялық таза әрі ақылды ауданның біріне айналады.

МУЗЕЙ

ШАБЫТ ПЕН ҚУАНЫШ КӨЗІ

30 наурызда Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің Орталық көрме залында Алиарова Вәсипе Исмаилқызының «Қырым татарларының ғажайып кесте өрнектері» атты жеке көрмесі ашылды.



Динара
МҰРАТ

Аталмыш шара – Алиарова Вәсипе Исмаилқызының алғашқы жеке көрмесі. Экспозицияға 50 шақты сәндік кесте бұйымдары қойылған. Көрмеде ұлттық нақыштағы тұмарлар, Құранның тысқаптары, әйелдердің фес деп аталатын бас киімдері, клатчтар, әмияндар, сөмкелер мен картиналар қойылған.

Қырым татарларының кесте өнерінің тарихына көз салар болсақ, біз өнердің осы түрінің көнедігі мен кең тарағаны туралы дәйектерді таба аламыз. Қырым татарларының кестелері XVII ғасырда белгілі болды. Ол сызықтар мен түстердің талғампаздығымен, техникалық тәсілдерінің күрделілігімен және алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Кестемен көптеген тұрмыстық заттар, бас киімдер, киімдер мен аяқкиімдер безендірілді. XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап алтынмен зерлеп тігу ерекше маңызға ие бола бастады. Халық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының арқасында ұлттық кесте сол күйінде бізге жеткен.

Ою-өрнек элементтері әлеуметтік маңызды апаратын жеткізе алатын тілдің рөлін атқарды. Қырым татарларының ұлттық ою-өрнегі – Орынек деп аталады, ол Қырым татарлары халқының мәдениетіндегі ең көне жетістіктердің бірі. 2021 жылғы 16 желтоқсанда Парижде өткен ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұрасын қорғау



мәселелері жөніндегі Үкіметаралық комитетінің 16 сессиясында Қырым татарларының ою-өрнегі Орынек адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне енгізілді.

Қырым татарлары кестесінің күдіреті Вәсипе Исмаилқызының шығармашылығына да әсер етпей қоймады. Оның барлық шығармаларынан фон мен кестенің ең әдемі реңктерінің үйлесім тапқанын көреміз. Оның жұмысы – ұлттық үлгілердің тікелей көшірмесі емес, ол ою-өрнекті мотивтерді еркін шығармашылық интерпретациямен бере білген және үйлесімді аяқталған композицияға айналдырған. Міне, Вәсипе Исмаилқызының жұмыстарының ерекшелігі осында.

Алиарова Вәсипе Исмаилқызы 1951 жылы 17 қазанда Алматы облысы, Шелек ауданы, Октябрь ауылында дүниеге келген. 1976 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін аяқтады. Қырық жыл бойы мектепте география пәнінен сабақ берді. Вәсипе Исмаилқызының шығармашылық жолы 2014 жылы басталды. Ол өзінің осы өнерге деген дағдысын жыл сайын Қырымға барып жүріп, халық шеберлері Каишева Лилиден, Кипчакова Халиден, Курмаева Венерден үйренді.

Өз халқының өнеріне деген қызығу-

шылығы оның шағырмашылық қызметіне дейін пайда болған еді. Дәстүрлі киімдегі, тұрмыстық заттардағы ою-өрнекті таңғажайып сұлулығы бала санасында айқын із қалдырды. Қырымның алтынмен зерлеп тігетін шеберлерінің қажырлы, бірақ өте қызықты жұмысы оның қиялы мен осы сұлулықты өз бетімен жасауға деген ұмтылысын көрсетуге шығармашылық серпін берді.

Алиарова Вәсипенің сәндік панноларының композициясы негізінен симметриялық тізбекке тізілген гүлді және өсімдік өрнекті сәндік мотивтер. Ол объектілерді, көлемді, жарық-көлеңкелі, тереңдік пен фактураны беруге тырысып, реңктерді мұқият таңдайды.

Алиарова Вәсипе сегіз жыл бойы түрлі іс-шараларға арналған топтық көрмелерге қатысты. Мысалы, 2018 жылы Алматы қаласының музейінде Қазақстан халқы Ассамблеясы тарапынан «Қырым татарларының көрмесіне» өз үлесін қосты. Шығармашылық Вәсипе Исмаилқызының көңіліне жұбаныш, бойына шабыт пен қуаныш әкеледі. Болашақта ол басқа да дәстүрлі кесте техникаларын қолдана отырып, өнерін жалғастыруды жоспарлап отыр.

Көрмені 2022 жылдың 12 сәуіріне дейін тамашалауға болады.



ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

КӨП БАЛА СҮЙГЕН

ата-аналар мемлекет назарынан тыс қалмайды

Бүгінгі таңда елімізде көпбалалы отбасыларды әлеуметтік тұрғыда қолдаудың кешенді моделі құрылып, жүйелі жұмыс істеп келеді. Оған нақты қандай іс-шаралар кіреді? Осы жөнінде толығырақ тарқату үшін Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті Алматы қаласы бойынша департаментінің бөлім басшысы Ардақ ШАМИЕВАМЕН сұхбаттасқан болатынбыз.

— Ардақ Мұбаракқызы, әлеумет үшін қабылданған «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» Заң нақты қай топтардың мүддесін көздейді?

— Бұл Заңның күші Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын Қазақстан азаматтарына және қандастарымызға қолданылады. Көпбалалы анаға берілетін жәрдемақыны тағайындау кезінде Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей жәрдемақы алу құқығын пайдаланады.

Аталған Заңның 4-бабына сай, жәрдемақыларды алу құқығы: туған, асырап алған, сондай-ақ қамқоршылыққа алған балалары бар отбасыларға: бала тууына байланысты тағайындалатын және төленетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақы (бірінші, екінші, үшінші бала туғанда — 116 394 теңге, төртінші және одан да көп балаға — 192 969 теңге), бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты тағайындалатын және төленетін ай сайынғы жәрдемақы (16 802 теңгеден 25 962 теңгеге дейін), мүгедек баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе екеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға тағайындалатын жәрдемақы (50 426 теңге) отбасының табысына қарамастан төленеді. Бала кезінен I топтағы мүгедектің күтімі бойынша 50 426 теңге көлемінде жәрдемақы тағайындалады. Сондай-ақ, атаулы әлеуметтік көмекті арттыру және көпбалалы отбасыларды қолдау мақсатында 2020 жылы отбасындағы балалар санына байланысты сараланған мөлшерде табысы ескерусіз тағайындалатын бірге тұратын төрт және одан да көп көмелетке толмаған баласы бар көпбалалы отбасыларға жәрдемақының жаңа түрі енгізілген болатын (4 баласы бар



отбасылар үшін 16,03 АЕК — 49 100 теңге, 5 баласы бар отбасылар үшін 20,04 АЕК — 61 383 теңге, 6 баласы бар отбасылар үшін 24,05 АЕК — 73 666 теңге, 7 баласы бар отбасылар үшін 28,06 АЕК — 85 948 теңге, 8 және одан да көп бала болғанда, әр балаға 4 АЕК).

— Әйел-ананың жүктілігі және босануы бойынша әлеуметтік төлемдерді тағайындау да сіздердің құзыреттеріңізге кіре ме?

— Иә, әрине. Елімізде отбасыларды әлеуметтік қолдау жүйесі әртүрлі өмірлік жағдайларды көздейді және оған жүктілігі мен босануы бойынша (орташа айлық жалақының 40%-ға жуығы) әлеуметтік төлем кіреді. Сондай-ақ, бір жасқа толғанға дейін бала күтімімен айналысатын әйелдерге орташа айлық табыстың 10% мөлшерінде міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау жүргізіледі.

Осы орайда айта кететін тағы бір жайт, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 11-бабының 3-тармағына сәйкес, 5 және одан да көп бала туған (асырап алған), оларды 8 жасқа дейін тәрбиелеген әйелдердің 53 жасқа толғанда жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар. Сонымен бірге, заңнамада әйелдер үшін еңбек өтілін есептеу

«Ақшамның» анықтамасы

- Алматы қаласы бойынша жалпы 25484 көпбалалы отбасы бар.
- «Алтын алқамен», «Күміс алқамен» наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көпбалалы аналар — 4855.
- Жасы 18-ге толмаған мүгедек бала тәрбиелеп отырған әйел-ана — 7820.

бойынша жеңілдіктер қарастырылған. Мәселен, зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек өтіліне мына уақыттар есептеледі: жұмыс істемейтін ананың жас балаларды бағып-күткен уақыты, бірақ әрбір бала 3 жасқа толғанға дейін, жалпы жиынтығы 12 жыл шегіндегі уақыт; басқа адамның көмегіне мұқтаж I топтағы мүгедекке, II топтағы жалғызділікті мүгедек жанға және жасына байланысты зейнеткерге, сондай-ақ 80 жасқа толған карт адамдарға күтім жасаған уақыт; 16 жасқа дейінгі мүгедек баланы бағып-күткен уақыт.

— Ал атаулы әлеуметтік көмек кімдерге тағайындалады?

— Атаулы әлеуметтік көмек табысы төмен отбасыларға (отбасының әрбір мүшесіне шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ынан төмен) тағайындалады. Аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға кепілдендірілген әлеуметтік пакет ұсынылады. Оған мектеп жасындағы балалар үшін — оқу орнында тегін тамақтану, қалалық қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүру, мектеп формасымен және сабақтың керек-жарағымен қамтамасыз ету кіреді. Ал мектеп жасына дейінгі балалар азық-түлік жиынтықтарымен және тұрмыстық-гигиеналық бұйымдармен қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ, отбасы аса мұқтаж болған жағдайда, жергілікті атқарушы органдар есебінен тұрғын үй және қосымша әлеуметтік көмек көрсету қарастырылған. Нақтырақ айтсақ, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңымызда халықтың әлеуметтік осал топтарын (оның ішінде көпбалалы отбасылар мен көпбалалы аналар) тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша нормалар көзделген. «Алтын алқамен», «Күміс алқамен» наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көпбалалы аналардың, көпбалалы отбасылардың мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжай немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжай алуға құқылы.

— Өмірге бірнеше бала әкеліп, оларды бағып-қағып, жеткізу оңай емес. Алқалы аналарға тағы қандай жеңілдіктер бар?

— «Алтын алқамен» және «Күміс алқамен» марапатталған көпбалалы аналар бірқатар салықтар мен мемлекеттік баждарды төлемейді. Атап айтқанда, көлік құралдарына салынатын салықтан (бір автокөлік құралына); тұрғын үй қоры, оның ішінде соның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жер учаскелері бойынша салықтан; үй маңындағы жер учаскелері бойынша салықтан; жеке тұлғалардың мүлік салығынан (АЕК 1000 еселенген мөлшері шегінде); нотариаттық іс-әрекеттер жасау кезіндегі мемлекеттік баж салығынан; зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган заң жүзінде маңызы бар іс-әрекеттер жасаған кезде мемлекеттік баж салығын төлеуден босатылады.

Жалпы, кез келген ата-ананың міндеті — қандай жағдай болмасын, балаларына қамқорлық жасау, тәрбиелеу. Ал өз кезегінде мемлекет балалы отбасылардың құқығы мен мүддесін қорғау үшін қажетті жағдайлар жасап отырады. Бұл ретте балалы отбасыларды қолдаудың қолданыстағы жүйесін одан әрі жетілдіруде елдің экономикалық мүмкіндіктері ескеріле отырып жүзеге асырылатын болады.

— Сұхбатыңыз үшін рахмет!

Сұхбаттасқан Нұржамал ӘЛІШЕВА.

ТУРИЗМ

1 сәуірден бастап Қазақстан азаматтары Оңтүстік Корея республикасында 30 күн визасыз жүре алады.

КОРЕЯҒА – ВИЗАСЫЗ

Бұған дейін Оңтүстік Корея тарапы COVID-19 коронавирустық инфекциясының жаппай таралуына байланысты ел аумағына кіруге тыйым салған болатын.

Оңтүстік Кореяда білім алып, сол жерде тұруға ниетті қазақстандықтар тиісті виза алуы қажет.

«Мұнымен қатар, қазір Корея Республикасына шетелдік азаматтардың кіруін авторизациялаудың «K-ETA» электрондық жүйесі жұмыс істейтінін ескеруі қажет. Елге визасыз режим негізінде келетін шетелдіктерге ұшуға дейін кемінде 24 сағат бұрын www.k-eta.go.kr сайты арқылы жоспарланған сапар туралы электрондық хабарлама түрінде өтініш беру және содан кейін Оңтүстік Корея билігінің елге кіруге рұқсатын алу талап етіледі. Мұндай рұқсат болмаған жағдайда әуе компаниясы азаматты ұшақ бортына отырғыздудан бас тартуға мәжбүр болады», — делінген хабарламада.

Бұдан басқа, Корея Республикасына сапар шегетін азаматтарға осы елде қолданылатын эпидемияға қарсы шаралар туралы ақпаратты Қазақстан Республикасындағы Корея Республикасының елшілігі мекемелерінде алдын ала нақтылауға кеңес берілді.

Ақтолқын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Екі астана жақындай түседі

«Нұр-Сұлтан – Алматы» тасжолын жаңғырту жұмыстары 2023 жылы аяқталады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес «Нұр-Сұлтан – Алматы» көлік дәлізін жаңғырту жұмыстары жүріп жатыр. Жоспар бойынша жұмыстар келесі жылы аяқталады.

Жалпы ұзындығы 946 шақырым болатын көлік дәлізі «Қарағанды–Балқаш», «Балқаш–Бұрылбайтал», «Бұрылбайтал–Күрті» және «Күрті–Қапшағай» тораптарына бөлінген. Бүгінгі таңда жолдың 500 шақырымында жұмыстар аяқталып, көлік қозғалысы ашылған. Тағы 434 шақырымында биыл төменгі қабат жабыны төселіп, пайдалануға беріледі. Ал 2023 жылы жаңғырту жұмыстары толық аяқталады.


Жолдағы жұмыстарға 1 мыңнан астам техника мен 1600-ге жуық маман тартылады. Қазіргі уақытта мердігерлік ұйымдар құрылыс материалдарын дайындап жатыр.



«Жаңғырту жұмыстары аяқталған соң бұл жолмен көліктер сағатына 120 шақырыммен жүре алады. Тиісінше, Нұр-Сұлтан қаласынан Балқаш көліне 6-7 сағатта жетеді. Алматыдан жету үшін шамамен осындай уақыт кетеді», — деп хабарлады ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ЭПИЦЕНТР



ЖЕР СІЛКІНІСІ ТІРКЕЛДІ

Алматыдан 253 шақырым жерде жер сілкінді

ҚР ТЖМ «СОМЭ» ЖШС сейсмикалық станциялар желісі 1 сәуірде Алматы уақытымен 15 сағат 34 минут 42 секундта жер сілкінісін тіркеді, деп хабарлайды «АҚШАМ-АҚПАРАТ».

«Жер сілкінісінің эпицентрі Алматы қаласынан шығысқа қарай 253 шақырым жерде, Қазақстан аумағында орналасқан. Жер сілкінісінің энергетикалық класы — 8.9. MPV магнитудасы — 4.1. Эпицентрдің координаттары 43.13° С. Е.80.02° ш.ү. тереңдігі 35 шақырым. Басқа мәліметтер (MSK-64 шкаласы бойынша) жоқ», делінген «Алматы» ООС кезекші операторының хабарламасында.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



● ФУТБОЛ

МЕССИ

Дүние жүзіндегі көпшілік қауымды баурайтын спорт түрі – футбол. Ал оны шебер ойнайтындар жарық жұлдыздай бағаланады.

Еуропалықтар футболға көбірек фанат. Ол жақта мыңдаған, миллиондаған футбол жанкүйерлері бар. Дегенмен, басқа құрлықтағы халықтар да олардан кем қызықпайды. Осыған орай, футбол әлемінің даңқты маманы Лионель Мессидің жетістіктері, ерекше қырларына тоқталамыз.



Бағы жанған футболшы

Әлемдік футбол тарихында есімі алтын әріппен жазылатын екі аяқ доп шебері болса, соның бірі – Месси. Сарапшылардың пікіріне сүйенсек, бала күнінде көп қиыншылық көрген балалар өскенде үлкен мақсаттарға жетеді екен. Өйткені, әбден ысылып, өмірдің барлық соқпағынан өткендер есейген шағында кез келген жағдайға дайын болатын көрінеді. Ойша бағамдар болсаңыз, әрбір жетістікке жеткен адам үнемі өзін жетілдіргені байқалады. Мәселен, жастайынан ата-анасына жәрдемдесіп қолғанат болады. Сонымен қатар, айналасына жанашыр болып келеді. Ол жанның бойында адамзатқа деген ішкі құрметі мен дүниені танып-білуге қатысты энергиясы мол болады. Осылайша айналасына шуағын шашып жүреді. Бүгінгі біздің кейіпкерімізде осы аталған қасиеттердің барлығы бар. Сол себепті де, келтірілген мысалдарға арнайы тоқталып, қысқаша айтуды жөн санадық.

Айрықша қырлары

Аргентиналық Лионель Андрес Месси – дүние жүзіндегі ең үздік, ең мықты кәсіпқой футболшы. Оның жетістіктері әлемді таңқалдыруда.

Жарық жұлдыз, ала доптың супер шебері туралы 5 қызықты дерекпен бөлісеміз:

** Мессидің тұңғыш келісім-шарты қол сұртетін қағазға жасалған. Оның әкесі Хорхе Барселона директоры Карлос Рекшасқа жылдам қол қоюды өтініген. Мейрамхана даяшысынан қол сұртетін қағаз сұрап, келісім-шартты соған жасаған.*

** 2004 жылы 16 қазанда Лионель Месси Барселона сабында Испанияға қарсы өнер көрсетіп көзге түседі. Сол жылы 17 жасында Испания біріншілігінде кәметке толғаннан кейін берілетін «ең үздік жас футболшы» атағын иемденеді.*

** Ол әлемдегі футболшылар алатын ең басты номинация – «Алтын допты» 6 рет, «Алтын бутсыды» 3 мәрте алған бірден-бір рекордшы.*

** Аргентиналық танымал CULE спорт басылымы жерлестерінің құрметіне газеттің атын өзгертіп бір рет ЛЕО деп шыққан.*

** Сарапшылар оның сол аяғының ептілігін Марадонаның аяғымен салыстырса, жылдамдығын Кройфф пен Роналдиньоға теңестіреді. Месси өзінің спорттық карьерасында 642 артық ойын өткізіп, 550-ден астам гол соққан нағыз талант иесі.*

● ШОРТ-ТРЕК



Шорт-тректен Қазақстан чемпионаты өтуде. Турнир аясында 1000 метр қашықтықтың жеңімпаздары белгілі болды.

Ерлер арасындағы жарыста Нұртілек Қажығали (БҚО) жеңіске жетті. Екінші болып Санжар Жеңісов (Нұр-Сұл-

Желмен жарысқандар

Нұртілек Қажығали мен Яна Хан шорт-тректен Қазақстан чемпиондары атанды.

тан) мәреге жетті. Еркебұлан Шамуханов (Павлодар) үшінші болды.

Яна Хан (Нұр-Сұлтан) әйелдер арасындағы финалдық жарыста жеңіске жетті. Алена Волковицкая (Қостанай облысы) күміс жұлде, Мадина Жанбосынова (Нұр-Сұлтан) қола медаль иеленді.

Айта кеткен жөн, бұған дейін де Қазақстан чемпионатының 1500 метрге жүгіруден ерлер арасында Нұртілек Қажығали чемпион атанды. Жарыстың бұл түрінен әйелдер арасында Ольга Тихонова алтын алды.

● ДЖИУ-ДЖИТСУ

«Жеңіс күш пен шыдамдылықты қажет етеді»

Алматы полицейі джиу-джитсудан халықаралық турнирдің күміс жүлдегері атанды.

Халықаралық спорт аренасында кезекті рет Алматы қаласы Полиция департаментінің арнайы және жұмылдыру дайындығы басқармасының аға инспекторы, полиция капитаны Ақтан Зайнолла көзге түсті.

Ол 67 кг салмақ дәрежесінде джиу джитсудан «Koktem Open» халықаралық турнирде күміс жүлдеге ие болды. Жарысқа Орталық Азия елдерінен осы спорттың 500-ге жуық өкілі қатысты.

«Мен бала кезімнен спортпен әуестенемін. Ең алғаш рет таэквондодан республикалық турнирлерде жеңіске жеткенмін. Міне, содан кейін Азия чемпионатында күміс жүлде жеңіп алдым. Спорт – бұл біздің жұмыстың бір бөлігі. Қазір мен полиция қызметкерлерінің дене шынықтыруын жетілдіруге, олардың рухын көтеруге және ше-



берліктерін шыңдауға байланысты жұмыс істеймін. Өзім жұмыстан бос уақытта жаттығамын. Жеңіс көп күш пен шыдамдылықты қажет етеді. Департамент басшылығы бізді әрдайым қолдап, жаңа жетістіктерге жағдай жасайтыны қуантады», – деп түйіндеді капитан А.Зайнолла.

● ТЕННИС

Чемпионға төтеп берді



Александр Недовесов «Үлкен дулыға» турнирінің үш дүркін чемпионын ұтты. Қазақстандық Александр Недовесов жұптық сында Испаниядағы Марбелья челленджер турнирінің жартылай финалына шықты.

Недовесов пәкістандық Айсам Курешимен бірге ширек финалда испаниялық Пабло Андухар және швейцариялық, жекелей сында үш мәрте «Үлкен дулыға» жарысының жеңімпазы атанған Станислас Вавринкамен кездесті. Александр мен Айсам бірінші партияда қарсыластарын бет қаратпай ұтты, есеп – 6:1. Екінші сет тағдыры тай-брейкте шешіліп, қазақстандық-пәкістандық жұп жеңісті жұлып алды – 7:6 (7:1).

Жартылай финалда Недовесов пен Куреши чехиялық Роман Жебавы – аустриялық Филипп Освальд жұбымен күш сынасады.

● ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

Әр спорттың өз сыры бар

● 1887 жылға дейін жеңіл атлетикада жүгіруден төменгі старт болмаған. Бұл ережені спортқа Шерил атты спринтер енгізген. Спортшы бұл қимылды жүрер алдында жерге еңкейіп дайындалатын кенгурулерді көріп, спортқа енгізуді ұсынған.

● Каратэ-до қара белбеуі әр спортшы үшін атаулы болады. Белбеуде оның иесінің аты-жөні және спорттық шені жазылды.

● Семсерлесу – бұл салмақ дәрежесі жоқ спорттық жекпе-жектің жалғыз түрі. Сонымен қатар, барлық олимпиадалық спортшылардың ішінде семсерлесушілердің аяқ күші ең мықты болады.

● Ғарыштағы гольф добымен алғашқы соққы 1971 жылы астронавт Алан Шепардпен жасалды. Айдағы тартылыс күшінің әлсіздігі мен атмосфераның болмауынан доп бірнеше шақырымға ұшып кетті.

● Халықаралық гимнастика федерациясы – әлемдегі ең көне спорт федерациясы (1881 ж.).



Бетті дайындағандар Олжас ЖОЛДЫБАЙ, Досбол АТАЖАН.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ОРАЗА

Ауқымды қайырымдылық жобасы



Саудия билігі қасиетті Рамазан айында әлемнің 34 елінде ауызашар бағдарламасын жүзеге асыратынын жария етті

Нақтырақ айтқанда, нәсілі мен қай құрлықта немесе қай мемлекетте ораза ұстағандарына қарамастан, аталмыш бағдарлама қасиетті айда 1,2 млн. адамды қамтымақ. Яғни бұл қайырымдылық жобасы мемлекеттің діни мәртебесіне, мұсылмандардың әл-ауқаты мен тұрмыстық жағдайына қарамастан жүзеге асырылады. Осы мақсатта Саудияның ислами орталықтары елшіліктермен қызметін үйлестіріп, бірігіп жұмыс істейді. Осы орайда өткен жылы да мұндай жобаның жүзеге асырылғанын айта кету керек. Бірақ пандемияға байланысты бұл бағдарлама әлемнің тек 16 елін ғана қамтыған болатын.

Рамазанда баға арзан

Катардың сауда және өнеркәсіп министрлігі ел аумағындағы азық-түлік және тұрмыстық заттар мен бұйымдар, бірнеше жүздеген тауар түрлерінің бағасын сауда желілерінде наурыздың 23-інен бастап қасиетті Рамазан айы аяқталғанша түсіретінін жария етті.



Бұл жайында islam.kz порталы islam.ru ақпарат көзіне сілтеме жасай отырып мәлімдеді. Дәлірегі, аталған араб елінде адамға ең қажетті деген тауарлардың 800-ден астам түрінің бағасын түсіру арқылы ораза ұстағандарға жағдай жасамақшы. Соның ішінде бал, ұн мен оның өнімдері, жүгері, күріш, сүт өнімдері, қант, тұз, кофе, минералды суындар, май, шай, құс еті және т.б. азық-түлік пен тағам өнімдерінен бастап, кір жуатын ұнтақ, жеке бас тазалығына арналған бұйымдарға дейін уақытша арзандайды.

Дайындаған Әсел ДАҒЖАН.

МӨЛТЕК СЫР



Айна мен алғыс

Ғалымдардың айтуынша, орта есеппен әр адам күніне айнаға 8 рет қарайды екен. Бұл санға мені сендіретін бір досым бар. Жақында-рымның ішінде айнаға жиірек қарап, ұзын шашын түзеп жүруді сол ұнатады. Бірақ әр айнаға қараған сайын ол өзіне бір жақсылық жасайды. Қандай дейсіз ғой? Онда, мен сізге бір оқиғаны баяндап берейін.



Досбол
АТАЖАН

Күн ұзақ сабақ аяқталды. Түскі асқа бармай тұрып, 7 сабақты 6 сағатта оқимын деп терлеген көй-

легімді ауыстыру үшін бөлмеге кірдім. Қазір есімде жоқ. Бірақ менің жайбарақат жүрісімнен бе, өзге сыныптастарым асханаға тұра тартқан ба, әйтеуір тамақ ішпеген әлгіндегі досым екеуіміз қалыппыз (интернаттың ешбір жерде жазылмаған, бірақ орындамасаң «басың шабылатын» заңдары бар. Асханада ешқашан жалғыз тамақ ішпеу – солардың бірі). Сөйтіп, қыздар жатақханасына қарай екеуіміз бірге шықтық (асхана қыздар жатақханасының бірінші қабатында еді). Қарын ашып, маза кете бастаған мен асығыстау жүріп кеттім. Артыма қарасам, жолдасым көрінбеді. Өрі күтіп, бері күтіп, ақыры «жер жұтып кетті ме» деп бұлдана, қайта барсам, вахтаның алдындағы айнаға телміріп тұр. Шұрылдаған қарын тыныш тұрғыза ма? Енді ескерту жасай бергенімде бетін сипады. Не істерімді білмей қалдым. Үндемедім. «Дос, көп күтіп қалдың ба?» деді де, тез басып жүріп кетті. Қатарласа жүре кетіп, айдың күннің амаңында құран бағыштағандай бет сипауының мәнін сұрадым:

– Айнаға қарап неге бет сипадың? Бір нәрсе болды ма?

– Құдайға «Мені осындай көркем қылып жаратқаныңдай мінез-құлқымды да көркем қыла гөр» деп дұға еттім. Бұл – Пайғамбарымыз (с.ғ.с) сүннеті, – деді. Мұндай жауап күтпеген мен аң-таң болдым да, «сонда күніне 8 рет айнаға қараса, өзіне 8 рет жақсылық жасайды екен» деп ой түйдім. Сол күннен кейін жолдасым айнаға қанша қарап, күттірсе де ренжімейтін болдым.

P.S. «Жақсылықты бөліссең көбейеді» демекші, оқырман, сіз де жүре-тұра айнаға қарағанда осы әдетті ескеріңіз. Айнаға қарап, өзіңе жақсылық тілеген ешкімге де артық болмас.

ҚАМҚОРЛЫҚ

Атаулы әлеуметтік көмек

Жыл басынан бері Алматы қаласы бойынша 3513 отбасы атаулы әлеуметтік көмек алады, оның ішінде 1533-і көпбалалы



Қаржылық қолдау



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Әл-ауқаты төмендеу азаматтарды, мүгедек жандарды және

көпбалалы отбасыларды қолдау үшін берілетін АӘК (атаулы әлеуметтік көмек) екі түрге жіктеледі: шартсыз және шартты ақшалай көмек.

Тегін орнатады

Бір жыл бұрын Алматы қаласында цифрлық-эфирлік телевизияға көшу жүзеге асырылған болатын.

Сандық теледидар жоғары сапалы кескін мен дыбысты алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, телеарналар мен бағдарламаларды қалауыңызша таңдап, көре аласыз. Ескі үлгідегі «сигнал» сыртқы әсерлерге өте осал болатын. Мәселен, ауа райының қолайсыздығына байланысты және қатты желде жоғалып кетуі мүмкін. Ал сандық хабар тарату ұзақ қашықтықтан қабылдана береді. Енді аналогтық хабар тарату «бір таратқыш – бір арна» принципімен жұмыс істейді.

Елімізде АӘК алушылар өтеусіз негізде телевизиялық абоненттік жалғамалармен қамтамасыз етіледі, яғни оларға жеткізіліп, орнатып беріледі.

2017 жылдан бастап 2021 жылға дейін Алматы



қаласында АӘК алушы 764 отбасы осындай тегін жалғамалармен қамтамасыз етілді. Ал биыл АӘК алушыларды 100 жалғамамен қамтамасыз ету жоспарланған.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы жеке тұлғалар осындай тегін мүмкіндікке не болу үшін тұрғылықты тұратын жері бойынша Алматы қаласы Әлеуметтік әл-ауқат басқармасының аудандық бөлімдеріне өтініш беріп, оның АӘК алушы екендігі туралы анықтамасын қоса ұсынуы қажет.

КЕРЕК ДЕРЕК



БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

«ОБИС компаниясы» ЖШС-ға:

- ТМЦ жөніндегі бухгалтер;
- тарату жөніндегі бухгалтер;
- сату жөніндегі менеджер;
- технолог;
- химик;
- ОТК-бақылаушы;
- ПК-оператор керек.

Тел.: 8 701 220 88 14.

«Полиграфкомбинат» ЖШС-ға:

- инженер-технолог;
- мастер-полиграфист;
- экспедитор;
- токарь;
- сырлаушы;
- түрлі жұмыстарға жұмысшылар;

- медбике;
- теруші керек.

Тел.: 8 777 201 01 56.

«Almaty Resort» шипажайына:

- әкімші;
- HR-менеджер;
- инженер-жылуэнергетик;
- бос уақытты ұйымдастырушы;

- түрлі жұмыстарға жұмысшы;
- медбике;
- дәрігер-педиатр;
- маркетинг;
- ресепш-маман керек.

Тел.: 8 701 794 90 56.

«Евразийский банк» АҚ-ға:

- өндіріп алу жөніндегі маман;

- робот-операторлар жасаушы;
- жазба транскрайбері керек.

Тел.: 8 771 203 02 96.

«Caspian Beverage Holding» АҚ-ға:

- жүргізуші-экспедиторлар;
- жүк тиеушілер;
- құю желісі бойынша операторлар керек.

Тел.: 8 (727) 258-39-09.

№202 гимназияға:

- киім ілуші;
- бағбан;
- вахтер;
- тазалықшы;
- лаборант қажет.

Тел.: 8 (727) 236-76-11.

«Рахат» АҚ-ға:

- кондитерлік өнімдер дайындайтын қызметкерлер;
- бетоншы;
- кафельщик;
- слесарь-сантехник;
- кір жуатын орынға жұмысшы;
- жүк тиеуші;
- лифтер;
- бақылаушы-күзетші;
- тоңазытқыш қондыру бойынша слесарь;
- аспаз керек.

Тел.: 8 705 206 96 51.

«Gulser Computers» (ALSER) ЖШС-ға:

- сатушы-кассир;
- call-орталық операторы;
- буып-қаттаушы;

- сату жөніндегі менеджер керек.

Тел.: 8 747 426 62 44.

№15 қалалық емханаға:

- офтальмолог;
- инфекционист;
- фтизиатр;
- эндокринолог;
- педиатр;
- логопед;
- акушер керек.

Тел.: 8 (727) 226-08-30.

№23 қалалық емханаға:

- педиатр;
- маммолог;
- кардиолог;
- хирург қажет.

Тел.: 8 701 821 55 53.

№14 қалалық емханаға:

- эндокринолог;
- невропатолог;
- хирург;
- медбике;
- статистик қажет.

Тел.: 8 777 236 32 32.

Орталық клиникалық ауруханаға:

- терапевт;
- кардиолог;
- уролог;
- нефролог;
- гинеколог;
- хирург;
- санитаркалар керек.

Тел.: 8 (727) 261-04-50, 8 (727) 261-97-71.



БАСПАСӨЗ – 2022

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY»
жарияланымдары
мектептерде, колледждер мен
университеттерде оқылады,
әлеуметтік желілерде
зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –
алматылықтардың да, еліміздің
барлық дерлік өңірлеріндегі
оқырмандарымыздың да асыға
күтетін, сүйіп оқитын басы-
лымы! Қазақ сөз өнері мен
журналистикасының дәстүрлі
мектебі!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты
бөлімшелерінде Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика
Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 8 айға – 4804 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 8 айға – 12964 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 8 айға – 3524 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен
Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе,
Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс
Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай,
Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түр-
кістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы
ілгерілесін десеңіз;
* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін
десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып,
қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала
аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау
ниетіңіз болса;
* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіп-
керлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік
және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы
хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат
9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Тауда абай болыңыз!

Алматыда қар көшкіні қаупіне байланысты тау бөк-
теріне шығуға тыйым салынды.

Алматы қалалық төтенше жағдайлар департаменті тарат-
қан мәліметке сәйкес, күн күрт жылынып, жауын-шашынның
жиілеуі мен қар жамылғысының тұрақсыздығына қарай,
Үлкен және Кіші Алматы су алаптарында 2–4 сәуір аралы-
ғында қар көшкіні жүру қаупі бар. «Көшкін жүру қаупіне
байланысты қарлы тік жартастарға шығуға болмайды.
Тауда абай болыңыздар», – делінген ведомство хабарлама-
сында. Айта кетейік, қала тұрғындарын көшкін қаупі туралы
хабардар ету бірнеше жолмен жүргізіледі: SMS хабарлама-
лар, БАҚ, сондай-ақ магистральдық жолдар бойындағы 65 ірі
медиабордтпен біріктірілген «Дәрмен» мобильдік қосымша-
сы арқылы.

Ақтөлқын ТҮРЛЫҒАЗЫ.

Алматы қаласы мәслихатының депутаттары VI
сайланған Алматы қаласы мәслихатының депутаты
Асылхан Сайлауұлы Төлеповке Баласы
Ақан АСЫЛХАНҰЛЫНЫҢ
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып,
көңіл айтады.

ШЕШІМ

VII сайланым Алматы қаласы мәслихатының әлеуметтік- мәдени даму, жастар және қоғамдық коммуникациялар жөніндегі тұрақты комиссиясы отырысының ХАТТАМАСЫ

Алматы қаласы

2022 жылғы 1 сәуір

Тұрақты комиссияның отырысын Алматы қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени
даму, жастар және қоғамдық коммуникациялар жөніндегі тұрақты комиссиясының төр-
ағасы Жүдебаев Арман Әділханұлы ашып, жүргізді.

Қатысқан депутаттар: Болат Нұрмырзаұлы Садықов, Райхан Чантқызы Бөлекбаева,
Гүлжан Мырзалықызы Бекенова, Жансая Даниярқызы Әбдүмәлік, Серік Аманжолұлы
Есмаев.

Шақырылған:

Қалабай Өтепберген Қуатбайұлы – Алматы қаласы әкімі аппараты тілдерді дамыту
және ономастика бөлімі басшысының міндетін атқарушы.

Күн тәртібі:

1. «Алматы қаласының атауы жоқ көшелерге атау беру туралы ұсыныстарды енгізу»

Баяндаушы: Қалабай Өтепберген Қуатбайұлы – Алматы қаласы әкімі аппараты
тілдерді дамыту және ономастика бөлімі басшысының міндетін атқарушы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 «Әкімшілік-
аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта
атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде
тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес,
халықтың пікірін ескеру үшін Алматы қаласының әкімдігі Алматы қаласының атауы жоқ
көшелерге атау беру бойынша қажетті материалдарды Алматы қаласы мәслихатының
қарауына енгізді.

Тыңдалды: Алматы қаласы әкімі аппараты тілдерді дамыту және ономастика бөлімі
басшысының міндетін атқарушы Қалабай Өтепберген Қуатбайұлы.

Алматы қаласының атауы жоқ көшелерге атау беру бойынша:

Алатау ауданы «Нұркент» шағынауданындағы:

жобалық атауы 1-көше – Аднан Мендерес көшесі;

Бостандық ауданы «Ерменсай» шағынауданындағы:

жобалық атауы 2-көше – Жақсылық Үшкөпиров көшесі;

жобалық атауы 4-көше – Қаршыға Ахмедияров көшесі;

жобалық атауы 5-көше – Шолпан Жандарбекова көшесі;

Бостандық ауданы «НұрАлатау» шағынауданындағы:

жобалық атауы 12-көше – Ғазиза Жұбанова көшесі;

жобалық атауы 13-көше – Кәкімбек Салықов көшесі;

Бостандық ауданы «Нұрлытау» шағынауданындағы:

жобалық атауы 6-көше – Роза Жаманова көшесі;

Медеу ауданындағы:

жобалық атауы 2-көше – Тимофей Седельников көшесі;

жобалық атауы 7-көше – Мәшһүр Жүсіп көшесі;

Медеу ауданы «Алатау» шағынауданындағы:

жобалық атауы 14-көше – Лев Гумилев көшесіне атауын беруін ұсынды.

VII сайланым Алматы қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму, жастар және
қоғамдық коммуникациялар жөніндегі тұрақты комиссиясы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алматы қаласының атауы жоқ көшелерге атау беру туралы ұсыныстары келісілсін.

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жыл-
ғы 24 ақпандағы №138 «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас
бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипция-
сын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын
бекіту туралы» қаулысына сәйкес, жеті жұмыс күннің ішінде Алматы қаласы мәслиха-
тының әлеуметтік-мәдени даму, жастар және қоғамдық коммуникациялар жөніндегі тұ-
рақты комиссиясының хаттамасын Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында
орналастыруды және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін,
сондай-ақ тиісті ономастика комиссиясының қарауына енгізілсін.

Алматы қаласы мәслихатының
әлеуметтік-мәдени даму, жастар
және қоғамдық коммуникациялар жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы

А.ЖҮДЕБАЕВ

Алматы қаласы мәслихаты
Аппараты басшысының орынбасары

Қ.ЖАМАЛБЕКОВ



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефон-
дары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қо-
ғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Динара МҰРАТ

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPU00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын білдір-
мейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.



ОРАЗА ЖӘНЕ НАМАЗ КЕСТЕСІ



muftyat.kz

РАМАЗАН

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

2022

хисари 1443 жыл

QR-код арқылы Рамазан
парақшасына өте аласыздар

РАМАЗАН АЙЫ	АПТА КҮНДЕРІ	СӘУІР ЖӘНЕ МАМЫР	ТАҢ (СӨРЕСІ БІТЕТІН УАҚЫТЫ)	КҮННІҢ ШЫҒУЫ	БЕСІН	ЕКІНТІ	АҚШАМ (АУЫЗАШАР УАҚЫТЫ)	ҚҰПТАН
1	Сенбі	2 Сәуір	05:13	06:30	12:59	17:29	19:22	20:40
2	Жексенбі	3 Сәуір	05:11	06:28	12:59	17:29	19:24	20:41
3	Дүйсенбі	4 Сәуір	05:09	06:27	12:58	17:30	19:25	20:43
4	Сейсенбі	5 Сәуір	05:07	06:25	12:58	17:31	19:26	20:44
5	Сәрсенбі	6 Сәуір	05:05	06:23	12:58	17:32	19:27	20:46
6	Бейсенбі	7 Сәуір	05:03	06:21	12:57	17:33	19:28	20:47
7	Жұма	8 Сәуір	05:01	06:20	12:57	17:33	19:29	20:49
8	Сенбі	9 Сәуір	04:59	06:18	12:57	17:34	19:31	20:50
9	Жексенбі	10 Сәуір	04:57	06:16	12:57	17:35	19:32	20:51
10	Дүйсенбі	11 Сәуір	04:55	06:14	12:56	17:36	19:33	20:53
11	Сейсенбі	12 Сәуір	04:53	06:13	12:56	17:37	19:34	20:54
12	Сәрсенбі	13 Сәуір	04:51	06:11	12:56	17:37	19:35	20:56
13	Бейсенбі	14 Сәуір	04:49	06:09	12:56	17:38	19:36	20:57
14	Жұма	15 Сәуір	04:47	06:08	12:55	17:39	19:38	20:59
15	Сенбі	16 Сәуір	04:45	06:06	12:55	17:40	19:39	21:00
16	Жексенбі	17 Сәуір	04:43	06:04	12:55	17:40	19:40	21:02
17	Дүйсенбі	18 Сәуір	04:41	06:03	12:55	17:41	19:41	21:03
18	Сейсенбі	19 Сәуір	04:39	06:01	12:54	17:42	19:42	21:05
19	Сәрсенбі	20 Сәуір	04:37	06:00	12:54	17:42	19:44	21:06
20	Бейсенбі	21 Сәуір	04:35	05:58	12:54	17:43	19:45	21:08
21	Жұма	22 Сәуір	04:33	05:56	12:54	17:44	19:46	21:09
22	Сенбі	23 Сәуір	04:31	05:55	12:54	17:45	19:47	21:11
23	Жексенбі	24 Сәуір	04:29	05:53	12:53	17:45	19:48	21:12
24	Дүйсенбі	25 Сәуір	04:27	05:52	12:53	17:46	19:49	21:14
25	Сейсенбі	26 Сәуір	04:26	05:50	12:53	17:47	19:51	21:16
26	Сәрсенбі	27 Сәуір	04:24	05:49	12:53	17:47	19:52	21:17
27	Бейсенбі	28 Сәуір	04:22	05:47	12:53	17:48	19:53	21:19
28	Жұма	29 Сәуір	04:20	05:46	12:53	17:49	19:54	21:20
29	Сенбі	30 Сәуір	04:18	05:44	12:52	17:49	19:55	21:22
30	Жексенбі	1 Мамыр	04:16	05:43	12:52	17:50	19:56	21:23

ЕСКЕРТУ:

- 2 сәуір – Рамазан айының бірінші күні.
- Мамыр айының 27-сінен 28-іне қараған түн – қасиетті Қадір түні.
- Пітір садақасы жан басына 500 теңге деп белгіленді.
- Садақаны Kaspi.kz, Halyk Homebank, ForteBank, Банк ЦентрКредит, Сбербанк, Astana-Plat мобильді қосымшалары және Қазпочта арқылы аударуға болады.
- Ораза ниеті: Алла Тағаланың разылығы үшін таң атқаннан күн батқанға дейін Рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім.
- Ауызашар дұғасы: Уа, Жаратқан Ием! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым. Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім. Сен берген ризықпен ауыз аштым. Уа, кешірімді Алла! Менің алдыңғы және соңғы күнә-кемшіліктерімді кешір!

CALL-ОРТАЛЫҚ
+7(7172) 33-30-30